

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова



Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «ҒЫЛЫМ АПТАЛЫҒЫ - 2021»  
аясында өткізілген  
**«ГЕОГРАФИЯ, ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА, ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТУРИЗМ  
КОНТЕКСТІНДЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»**  
халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының

**ЖИНАҒЫ**

9 сәуір 2021 ж.

**СБОРНИК**

материалов международной научно – практической конференции  
**«ОБЕСПЕЧЕНИЕ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ В КОНТЕКСТЕ ГЕОГРАФИИ,  
ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКИ, ЭКОЛОГИИ И ТУРИЗМА»**  
проведенной в рамках «НЕДЕЛИ НАУКИ – 2021» Актюбинского регионального  
университета им. К. Жубанова

9 апреля 2021 г.

**Ақтөбе – Ақтөбе, 2021**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова

**«ҒЫЛЫМ АПТАЛЫҒЫ - 2021»**

аясында өткізілген

**«ГЕОГРАФИЯ, ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА, ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТУРИЗМ  
КОНТЕКСТІНДЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»**  
халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының

**ЖИНАҒЫ**

**9 сәуір 2021 ж.**

**СБОРНИК**

материалов международной научно – практической конференции  
**«ОБЕСПЕЧЕНИЕ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ В КОНТЕКСТЕ ГЕОГРАФИИ,  
ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКИ, ЭКОЛОГИИ И ТУРИЗМА»**  
проведенной в рамках «НЕДЕЛИ НАУКИ – 2021» Актюбинского регионального  
университета им. К. Жубанова

**9 апреля 2021 г.**

**Ақтобе 2021**

**ӘӨЖ 911**  
**КБЖ 26.8**  
**Г 31**

Жалпы редакцияны басқарған:  
Тарих ғылымдарының докторы, профессор **Бекназаров Р.А.**,  
география ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған  
профессор **Сергеева А.М.**,  
география ғылымдарының кандидаты, доцент **Кубесова Г.Т.**

**Редакция алқасы:**

Әбденев А.Ж. - т.ғ.к., доцент ( жауапты редактор), Купенова Г.Ы. – т.ғ.к., доцент,  
Сулейменова Г.Ж. - т.ғ.к., аға оқытушы, Әмірзақова М.Ж. - магистр, оқытушы,  
Абдуллина А.Г. – магистр, аға оқытушы, Айдарова А.З. – аға оқытушы.

**Г 31. «География, жасыл экономика, экология және туризм контекстінде тұрақты дамуды қамтамасыз ету» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдары. = Материалы Международной научно – практической конференции «Обеспечение устойчивого развития в контексте географии, зеленой экономики, экологии и туризма». - Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2021ж. – 225 бет.**

**ISBN 978–601–78–18–94-4**

Жинаққа ғылыми-практикалық конференциясының қорытындысы бойынша студенттер, магистранттар, аспиранттар, докторанттар және оқытушылардың ең үздік ғылыми еңбектері енгізілген.

**ӘӨЖ 911**  
**КБЖ 26.8**

**ISBN 978–601–78–18–94-4**

© Қ.Жұбанов атындағы  
Ақтөбе өңірлік университеті, 2021

## СЕКЦИЯ 1

### ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

## СЕКЦИЯ 1

### СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ГЕОГРАФИЧЕСКОЙ НАУКИ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

УДК 331.56.911.7

#### ДИНАМИКА УРОВНЯ БЕЗРАБОТИЦЫ В ПЕРИОД ПАНДЕМИИ COVID-19 НА ПРИМЕРЕ ПРИВОЛЖСКОГО ФЕДЕРАЛЬНОГО ОКРУГА

*Пономарева Н. С.*

*Башикирский государственный университет, г. Уфа, Россия*

**Аннотация.** В данной статье рассматривается уровень безработицы в субъектах Приволжского Федерального округа Российской Федерации. Произведено сравнение значений данного явления между 2019 и 2020 гг. Определена степень воздействия пандемии COVID-19 на ситуацию с безработицей в Приволжском Федеральном округе.

**Ключевые слова.** Безработица, Приволжский Федеральный округ, население, уровень безработицы, пандемия, последствия.

Безработица на современном этапе развития человеческого общества является серьезным вызовом для мировой экономики. Высокий уровень безработицы в любой стране, где он отмечается, всегда стоит острой макроэкономической и социально-демографической проблемой. При этом негативные последствия получает не только та, часть населения, которая относится к числу безработных, которые не могут обеспечить себе достойный уровень жизни, но и само государство [1]. Социальными последствиями безработицы для государства выступает усугубление криминогенной обстановки, рост социального недовольства и социальной напряженности, повышение конфликтности в обществе, образование разрывов между богатыми и бедными группами населения, падение темпов развития промышленного производства, падение ВВП и т.д. [5].

Поскольку безработица является неизбежным последствием финансовых кризисов, в современных реалиях пандемии коронавирусной инфекции, развитие данного негативного социально-экономического явления за последний год получило новый толчок [3].

Мировая экономика получила серьезный удар в связи с мерами противодействия коронавирусной инфекции и социальной поддержки населения, оказавшегося в трудной жизненной ситуации. Особенно на российском рынке труда в 2020 году пандемия получила огромное влияние в период нерабочих дней, которые продолжались в нашей стране с 30 марта по 30 апреля и с 6 по 8 мая. По словам главы министерства труда А. Котякова, в начале пандемии COVID-19 уровень безработицы составлял 4,7%, а к октябрю достиг 6,4% [2].

Согласно данным Российского государственного информационного агентства федерального уровня «ТАСС», примерно 45% работодателей сократили около 20% сотрудников в своих компаниях на конец весны. А вот «Финансовая газета» на конец сентября сообщала, что треть компаний была вынуждена сократить размер заработной платы из-за пандемии [3].

По данным специалистов Института социального анализа и прогнозирования РАНХиГС, после ограничения жизнедеятельности производств ввиду кризиса 2020, вызванного стремительным распространением коронавирусной инфекции, около половины российских трудящихся было подвержено увольнению, сокращению или задержке зарплаты. В итоге, около 35 миллионов человек оказались в зоне риска [3].

В мае прошлого года уровень безработицы пересек черту максимального значения за последние 8 лет и составил 6,1%. В последний раз максимального значения она достигала в марте 2012 года. С марта 2020 года численность официально зарегистрированных безработных выросла более, чем в 4 раза. По данным Федеральной службы государственной статистики, число безработных в стране за время кризиса, вызванного пандемией COVID-19, превысило уровень в 4,5 миллиона человек [3].

Благодаря мерам государственной поддержки населения, госинвестициям и смягчению денежно-кредитной политики, многие прогнозы касательно стремительного роста уровня безработицы не сбылись. Так, вместо спрогнозированных 10 миллионов безработных граждан Россия получила только 4,5 миллиона потерявших работу людей [3].

В данном исследовании, для определения степени напряженности в ситуации с безработицей в нашей стране, анализируется численность официально зарегистрированных безработных в возрасте 15-72 лет по субъектам Приволжского федерального округа на конец 2019 и 2020 гг. (таблица 1), а также динамика уровня бедности по месяцам 2020 года (таблица 2).

Таблица 1 - Численность безработных в возрасте 15-72 лет по субъектам Приволжского федерального округа, 2019 и 2020 гг. [4]

	<b>2019</b>	<b>2020</b>	<b>Изменение численности безработных за год</b>
<b>Приволжский федеральный округ</b>	<b>614,3</b>	<b>769,2</b>	<b>154,9</b>
Республика Башкортостан	85,0	116,4	31,4
Республика Марий Эл	14,2	22,2	8
Республика Мордовия	18,7	21,8	3,1
Республика Татарстан	66,3	71,4	5,1
Удмуртская Республика	27,7	45,9	18,2
Чувашская Республика	26,4	36,8	10,4
Пермский край	65,1	61,0	-4,1
Кировская область	28,4	35,3	6,9
Нижегородская область	71,9	83,0	11,1
Оренбургская область	41,6	65,1	23,5
Пензенская область	28,5	29,7	1,2
Самарская область	68,7	77,3	8,6
Саратовская область	48,7	73,8	25,1
Ульяновская область	23,2	29,4	6,2




Рисунок 1 - Численность безработных в возрасте 15-72 лет по субъектам Приволжского федерального округа, 2019 и 2020 гг. (рисунок составлен автором на основе данных таблицы 1)

Для большей наглядности был построен график сравнения численности безработных в возрасте 15-72 лет по субъектам Приволжского федерального округа, 2019 и 2020 гг. (рисунок 1).

Как можно заметить по графику, к концу 2020 года уровень безработицы вырос практически во всех субъектах Приволжского федерального округа. Исключение составляет Пермский край, где численность зарегистрированных безработных за последний год не выросла, а сократилась на 4,1 тыс. чел.

По картосхеме, которая представлена на рисунке 2, отчетливо видно, что особенно высокий рост уровня безработицы отмечается в Республике Башкортостан (31,4 тыс. чел.), Саратовской области (25,1 тыс. чел.), Удмуртской Республике (18,2 тыс. чел.). Наименьший рост уровня безработицы отмечается в Пензенской области (1,2 тыс. чел.), Республике Мордовия (3,1 тыс. чел.), Республике Татарстан (5,1 тыс. чел.).




Рисунок 2 – Изменение численности безработных в Приволжском федеральном округе за год, тыс. чел. (составлен автором на основе данных таблицы 1)

Проанализировав таблицу 2 и рисунок 3, на которых представлена динамика численности безработных в возрасте 15-72 лет по субъектам Приволжского федерального округа в среднем за каждые три месяца 2020 года, можно говорить о том, что пик роста уровня безработицы в большинстве субъектов пришёлся на весну и лето. Так, в Республике Башкортостан, Оренбургской области и Нижегородской области максимальная численность безработных в 2020 году отмечалась в июле-сентябре. Максимальный уровень безработицы в апреле-июне был зафиксирован для Удмуртской Республики, Чувашской Республики, Пермского края, Кировской области, Пензенской области, Ульяновской области. В июне-августе уровень безработицы был максимальным в следующих субъектах Приволжского федерального округа: Республика Марий Эл, Республика Татарстан, Самарской области. В Саратовской области данный показатель достиг максимума в октябре-декабре.

Таблица 2 - Численность безработных по субъектам Приволжского федерального округа, в среднем каждые три месяца, 2020 г. [4]

Субъект ПФО	Январь - март	март - май	апрель - июнь	июнь - август	июль - сентябрь	октябрь – декабрь
Республика Башкортостан	85,8	101,2	117,7	121,7	126,8	116,4
Республика Марий Эл	19,1	21,3	23,4	23,7	23,0	22,2
Республика Мордовия	21,3	22,5	23,2	22,3	20,2	21,8
Республика Татарстан	64,5	71,9	78,3	81,1	80,7	71,4
Удмуртская Республика	38,5	52,0	56,2	54,4	52,2	45,9
Чувашская Республика	28,2	39,5	44,3	39,8	37,1	36,8
Пермский край	64,4	76,2	83,8	77,3	72,8	61,0
Кировская область	28,2	35,3	38,2	35,6	34,5	35,3
Нижегородская область	72,4	77,7	81,0	83,2	83,5	83,0
Оренбургская область	40,1	44,6	48,1	60,8	68,0	65,1
Пензенская область	26,7	33,8	36,4	35,6	36,3	29,7
Самарская область	52,3	67,4	81,3	93,0	87,4	77,3
Саратовская область	52,3	56,8	60,7	70,3	73,4	73,8
Ульяновская область	23,9	30,0	32,6	30,4	30,8	29,4






Рисунок 3 - Динамика численности безработных в возрасте 15-72 лет по субъектам Приволжского федерального округа, в среднем каждые три месяца, 2020 г. (рисунок составлен автором на основе данных таблицы 2)

В ходе исследования динамики уровня безработицы в субъектах Приволжского федерального округа было определено, что, по сравнению с 2019 годом, в большинстве субъектах наблюдался рост числа зарегистрированных безработных. Так же на протяжении всего 2020 года данный показатель сильно менялся так к летнему периоду наблюдался заметный рост, а с осени спад уровня безработицы. Такая тенденция связана главным образом с тем, что с началом ужесточения мер препятствования распространению коронавирусной инфекции до летнего периода отмечалось большое количество сокращений и увольнений работников, а также закрытием множества предприятий малого бизнеса. Спад численности зарегистрированных безработных связан со стабилизацией ситуации с заболеваемостью COVID-19 и введением эффективных механизмов защиты работающего населения.

Безработица, как одна из самых главных проблем макроэкономики, наносит огромный ущерб благосостоянию людей, ухудшая их материальное положение. Во время пандемии данная проблема приобрела огромное значение и борьба с ней выступает в настоящее время основной задачей всех стран мира. Существует риск того, что

напряженная ситуация с безработицей на российском рынке труда может затянуться на долгое время.

#### Список литературы

1. Вишневская Н.Г., Хамадеева З.А. Миграция трудовых ресурсов в Республике Башкортостан: география, причины, последствия // Труд и социальные отношения. 2017. № 3. - С. 122.
2. Доклад Министра труда и социальной защиты РФ Антона Котякова на совещании с Президентом по вопросам ситуации на рынке труда [ЭЛЕКТРОННЫЙ РЕСУРС] – Режим доступа URL: <https://mintrud.gov.ru/employment/employment/793> (дата обращения 27.02.2021)
3. Подколзина А.В. Безработица и «беззарплатица» в условиях пандемии // Вопросы студенческой науки, 2020, №12 (52) – С. 46-49.
4. Федеральная служба государственной статистики. Трудовые ресурсы [ЭЛЕКТРОННЫЙ РЕСУРС] – Режим доступа URL: [https://rosstat.gov.ru/labour\\_force?print=1](https://rosstat.gov.ru/labour_force?print=1) (дата обращения 26.02.2021)
5. Хамадеева З.А., Вишневская Н.Г. Влияние экономико-географических факторов на молодёжный сегмент рынка труда // Конкурентоспособность в глобальном мире: экономика, наука, технологии. 2016. № 2 (14). - С. 37-42.

УДК. 551.583.

### ОЦЕНКА ИЗМЕНЕНИЯ НЕКОТОРЫХ ХАРАКТЕРИСТИК КЛИМАТА ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

*Жумаева Мухлиса Бахишуллаевна<sup>1</sup>, Шодиев Санжар Рузикулович<sup>2</sup>, Чембарисов Эльмир Исмаилович<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>Навоийский педагогический государственный институт, преподаватель, Республика Узбекистан, г.Навоий,*

*<sup>2</sup>Навоийский педагогический государственный институт, к.г.н., доц.заведующий кафедрой «Методика преподавания географии», Республика Узбекистан, г.Навоий,*

*<sup>3</sup>Научно-исследовательский институт ирригации и водных проблем(НИИИВП), главный научный сотрудник, д.г.н профессор, Республика Узбекистан, г.Ташкент.*

**Аннотация:** В статье приведены результаты анализа оценки изменения некоторых характеристик климата Центральной Азии по собранным фондовым и опубликованным материалом. Также рассмотрены изменение годового стока основных рек.

**Ключевые слова:** оценка изменение климата, различные сценарии динамика годового стока трансграничных рек

Современное состояние теории климата характеризуется разнообразием применяемых подходов: от простых теплораспределительных моделей климата до численного моделирование климата на основе использования полной системы уравнений гидротермодинамики и учета многочисленных обратных связей в системе атмосфера - океан –суша - криосфера.

Отдельные немногочисленные упоминания о погодных явлениях на территории Узбекистана встречаются еще в работах средневековых авторов. Однако систематическое изучение климата началось только во второй половине XIX века, когда в Туркестане были организованы первые, постоянно действующие станции.

Для всего северного полушария планеты Земля систематических измерение климатических показателей (температура, осадки и т.д.) ведется с 1891 до настоящего

времени. В бассейне Аральского моря измерение климатических показателей началось с 1847 года на метеорологической станции Казалинск.

В настоящее время в Узбекистане работает более 80 метеостанций, некоторые из них -Ташкент, Фергана, Самарканд - имеют ряды наблюдений более 100 лет. Однако большинство станций организовано в 30-50-е годы прошлого столетия.

Как всем известно, водные ресурсы Республики Узбекистан складываются из внешних водных ресурсов поступающих по рекам из горных областей Таджикистана и Кыргызстана и ограниченных внутренних водных ресурсов формирующихся на территории республики. К внутренним водным ресурсам относятся воды озер на территории Узбекистана. К водным ресурсам не относятся запасы воды в водохранилищах на территории Узбекистана, поскольку из-за отсутствия водохранилищ с многолетним регулированием стока вода, находящаяся в них, это сток рек, перераспределенный внутри года, внутренними водными ресурсами также являются запасы воды в ледниках.

В настоящее время в республике построено 53 водохранилища в основном ирригационного назначения. Их полный проектный объем составляет  $18,9 \text{ км}^3$ , полезный -  $14,9 \text{ км}^3$ .

На территории Узбекистана в верховьях ряда рек Сурхандарья, Кашкадарья, в прошлом веке находились горные ледники в количестве 525 единиц, общей площадью оледенения в  $154,2 \text{ км}^2$ , то есть ледники, в основных малых форм, средняя площадь одного ледника было  $0,293 \text{ км}^2$ . В настоящее время по данным Узгидромета происходит таяние этих ледников, большинство их потеряли более 60-70% своего объема[2-4].

Согласно проведенным исследованиям был собран банк данных фондовых и литературных данных по гидрологии рек Узбекистана, материалы по расходам воды за разные периоды лет, а также сбору среднемесячных данных (осадки, температуры воздуха) по различным климатическим характеристикам по метеостанциям, расположенным в зоне формирования стока.

В первую очередь был проведен анализ научных работ по влиянию климатических факторов на гидрологический и гидрохимический режим крупных рек Узбекистана. В первую очередь это научные работы Чуб В.Е. [2007], Агальцева Н.А., Пака А.В. [1999, 2007-2008], и других авторов [1-4].

Современное состояние теории климата характеризуется разнообразием применяемых подходов: от простых теплобалансовых моделей климата до численного моделирование климата на основе использования полной системы уравнений гидротермодинамики и учета многочисленных обратных связей в системе атмосфера - океан -суша - криосфера.

**Влияние осадков.** Климатические условия имеют первостепенное практическое значение в ирригационном хозяйстве. Искусственное орошение является хозяйственной необходимостью лишь в известных климатических зонах, где среднее количество осадков оказывается недостаточным для обеспечения полного развития сельскохозяйственных растений, что, в полной мере касается территории Узбекистана, которая находится в аридной зоне. Зависимость водных ресурсов Узбекистана от метеорологических условий не подлежит сомнению, а с установлением этой зависимости открывается возможность предсказания, за некоторый промежуток времени вперед, водного и гидрохимического режима крупных рек Узбекистана. Практическое значение прогноза водных ресурсов очень велико, для целей управления водными ресурсами и солевыми стоками в бассейнах рек, следовательно, управлению их сельхозпроизводством.

Проблемы, связанные с изменениями водных ресурсов и гидрологического режима водных объектов, оказывают негативное влияние на темпы экономического развития, обеспечения жизненных потребностей, рациональное природопользование. Сегодня Узбекистан, как и другие страны среднеазиатского региона, сталкивается с необходимостью поиска путей решения минимизации и, по возможности, предотвращения водных проблем и, прежде всего, смягчения водного дефицита.

Изменения водных ресурсов и гидрологических характеристик определяются согласно анализу Чуба В.Е [2007], двумя основными факторами - изменениями климата и хозяйственной деятельностью человека [4].

Данные длинно периодных наблюдений в регионе показывают, что происходящее глобальное потепление проявляется в среднеазиатском регионе в виде трендов некоторых компонентов гидрологического цикла: происходит увеличение слоя испарения, уменьшение снегонакопления и сокращение оледенения горных территорий. Наблюдается рост изменчивости гидрометеорологических рядов. В качестве климатической информационной базы для оценки возможных изменений стока рек бассейна Аральского моря в Узгидромете были использованы климатические сценарии - будущее состояние климатической системы, рассчитанное на основе возможных выбросов парниковых газов с использованием глобальных циркуляционных моделей.

Результаты исследований [Агальцева Н. А., Боровикова Л. Н. 2002, Агальцева Н.А., Пак А.В.2007, Чуб В.Е. 2007] показали, что в рассмотренном диапазоне изменений климатических параметров на базе региональных климатических сценариев на ближайшие 20-30 лет не следует ожидать существенного изменения водных ресурсов. Однако при потеплении климата произойдет снижение средних за вегетационный период расходов воды. Возможные изменения стока этого периода оценивались в пределах естественной изменчивости: от +3... 10 до 2... 7%. Изменение годового стока основных рек Средней Азии - Амударьи и Сырдарьи при реализации различных сценариев изменения климата (на время удвоения концентрации углекислого газа в атмосфере) предполагает сокращение водных ресурсов. По оценкам, полученным на базе отдельных «жестких» климатических сценариев, ожидается сокращение водных ресурсов Сырдарьи на 30%, а Амударьи - на 40%. Другие модели не предсказывают столь значительного изменения стока, однако ни один из сценариев не предполагает его увеличение [Агальцева Н.А., Боровикова Л.Н., Пак А.В. 2000-2007] [1-4].

В Обобщенном докладе МГЭИК 2001 года отмечается, что перспективная оценка на основе большинства климатических сценариев показывает уменьшение ежегодного среднего стока в Средней Азии. В качестве примера приводятся прогнозируемые изменения среднегодового стока к 2050 году, которые показывают в одном случае уменьшение стока в Средней Азии и в другом - некоторое увеличение его в отдельных районах. Таким образом, совершенно очевидно, что оцениваемые объемы стока и осадков зависят от моделей, сценариев и методики, а оценки воздействия изменения климата на водные ресурсы рек для разных сценариев температуры и осадков колеблются в широких пределах.

В Узгидромете в 2008 году были составлены сценарии климатических изменений. [Второе национальное сообщение республики Узбекистан по рамочной конвенции ООН об изменении климата 2008], где по любой модели ожидается сценарий, увеличение температуры и уменьшение водных ресурсов.

Сценарии показывают существенное повышение температур воздуха по территории республики, особенно в зимний период. Повышение минимальных температур воздуха согласно расчетам будет происходить интенсивнее максимальных.

Для современной оценки воздействия изменения климата на водные ресурсы рек среднеазиатского региона были рассмотрены региональные климатические сценарии на основе выходных результатов шести моделей общей циркуляции атмосферы и океана в соответствии со сценариями эмиссии А1В, А2, В1, В2 л... трех временных интервалов (к 2030, 2050 и 2080гг.).

Анализ неопределенности разработанных региональных климатических сценариев показывает, все различия в ожидаемых изменениях по сценариям В1 и В2 к 2030, 2050 и 2080 годам сравнимы с ошибкой исчисления средних значений по данным наблюдений. Следовательно, можно объединить сценарии В1 и В2 и рассматривать только один вариант. Такой же вывод можно сделать относительно сценариев А1 и А2 2080 года.

Поэтому для проведения оценки воздействий изменения климата и разработки мер адаптации были выбраны региональные климатические сценарии А2 (неблагоприятный) и В2 (умеренный).

Воздействие изменений климата на сток меняется в зависимости от сценария и в значительной мере обусловлено различиями в ожидаемых по сценариям осадках. Учитывая высокую естественную изменчивость наблюдаемых осадков по станциям региона и отсутствие четких тенденций их изменения, а также некоторую к сценарную неопределенность, оценочные расчеты стока проводились в трех вариантах: при условиях изменения осадков и температур согласно сценарию В2 (более влажный вариант); при условиях изменения осадков и температур согласно сценарию А2 (более сухой вариант); при условиях сценарного изменения температур и современных базовых норм осадков.

В качестве методического подхода для оценки влияния климатических изменений на сток использовалась математическая модель формирования стока горных рек практически реализованная в виде автоматизированной информационной системы гидрологических прогнозов и расчетов. Адаптация и параметризация модельного комплекса к условиям современного информационного дефицита и климатической ситуации позволяет использовать его для оценки изменения имеющихся водных ресурсов рек при реализации новых климатических сценариев на ближайшую и отдаленную перспективы [Агальцева Н.А, Пак А.В.2007] [2].

В перспективе намечено провести анализ фондовых и литературных материалов и создания банка данных по расходам воды и изменению климатических условий по характерным репрезентативным станциям речных бассейнов Центральной Азии.

#### **Список использованной литературы**

1. Агальцева Н. А., Боровикова Л. Н. Оценка уязвимости стока рек бассейна Аральского моря от возможных воздействий изменения климата // Оценка уязвимости водных ресурсов от изменения климата. - Бюллетень № 3. - Ташкент: САНИГМИ, 1999. - С. 36-45.
1. Агальцева Н.А, Пак А.В. Оценка влияния климатических изменений на водные ресурсы рек бассейна Аральского моря / Бюллетень №6 . Климатические сценарии, оценка воздействий изменения климата. Ташкент 2007. с 44-51.
1. Чуб В.Е. Изменение климата и его влияние на природно-ресурсный потенциал Республики Узбекистан- Ташкент: САНИГМИ, 2000-250 с.
2. Чуб В.Е. Изменение климата и его влияние на гидрометеорологические процессы, агроклиматические и водные ресурсы Узбекистан. // Узгидромет, НИГМИ, «VORIS-NASHRIYOT» Ташкент, 2007, 132 с.

ӘОЖ 91:81'373.21

### **ҚАЗАҚСТАНДА ТОПОНИМИКАНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БАҒЫТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

*А.Г. Абдуллина<sup>1</sup>, Қ.Т.Сапаров<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.*

*<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

**Аннотация.** Мақалада Қазақстандағы топонимика ғылымының қалыптасуы мен дамуының негізгі бағыттары қарастырылды. Топонимика ғылымының дамуына үлес

қосқан ғалымдар мен олардың ғылыми еңбектеріне талдау жасалынды. Қазақстандағы топонимиканың географиялық бағытын дамыту қажеттілігі туралы мәселе көтерілді.

**Кілт сөздер:** топонимика, номинация, географиялық атау, сөздік, каталог.

Топонимика – географиялық атауларды, олардың қалыптасуын, дамуын, қазіргі жағдайын, мағыналық маңызын, жазылуын және айтылуын зерттейтін ғылым саласы.

Қазақстанда топонимика ғылымы ХХ ғасырдың 40 жылдарының аяғында белсенді түрде дами бастады. Қазақстанда топонимика ғылымының негізін қалаған географ-ғалым Ғ.Қ. Қоңқашбаевтың 1949 жылы «Қазақтың халықтық географиялық терминдері» атты тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертациясы мен осы тақырып төңірегінде жазылған көптеген мақалалары ұйытқы болды. Еңбектерінде ғалым географиялық терминдердің шығу тегіне ерекше мән беріп жіктеп топтастырады. Ол ең алғашқы «Қазақ географиялық атаулар сөздігі» атты топонимикалық еңбекті жарыққа (1963) шығарды [1]. Э.М. Мурзаев: «Бәрінен бұрын Ғ. Қ. Қоңқашбаевтың «Словарь казахских географических названий» атты бағалы сөздігін атап өтуіміз қажет. Бұл еңбек Қазақстан топонимиясын қалыптастырудағы бірқатар монғол, араб, иран тілдік сөздері де енген түрік географиялық лексикасының үлкен жинағы [2].

Топонимика ғылымының дамуына ғалым, географ Э.В. Мурзаевтың еңбектері өз үлесін қосты. Ғалымның «К вопросу о транскрипции географических названий с турецких языков» (1934), «К географической терминологии и номенклатуре туркмен» (1939), «К географической терминологии и номенклатуре киргизов Тянь-Шаня» (1940), «Тянь-Шань и Хан-Тенгри» (1940), «Этюды по топонимике Средней и Центральной Азии» (1948) еңбектерінде түркі тілдес халықтардың географиялық атауларына талдау жасалынды. Белгілі топонимист Е.М. Поспелов Э.М. Мурзаевтың топонимикалық еңбектеріне талдау жасау барысында оларды негізгі үш бағытқа топтастырған: топонимиканың негізгі теориялық мәселелері, Орта, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азия топонимикасын зерттеу, үшінші бағыты топонимикадағы жергілікті географиялық терминдердің ролі. Э.В. Мурзаевтың еңбектерінде топонимика лингвистикалық, тарихи, географиялық әдіс-тәсілдерді қолданған жағдайда ғана нақты нәтижелер беретін дербес ғылым саласы ретінде анықталды [3].

Э.М. Мурзаев ғылыми айналымға *топонимикалық жүйе* ұғымын енгізген. Ғалым топонимикалық жүйе ретінде «географиялық атаулардың қалыптасу үрдісінде және олардың қазіргі салыстырмалы тұрақтылығында заңды түрде қайталанып отыратын өзіндік ерекшеліктері немесе белгілерінің жиынтығын» анықтады. Бұл ұғымның топонимика ғылымына енгізілуі географиялық атаулардың кеңістіктік шоғырлануы, яғни белгілі бір аумақтағы географиялық орта ерекшеліктері мен әлеуметтік жағдайға қатысты қалыптасатындығы туралы тұжырымдаманы дамытты. Мұның өзі қоршаған орта нысандары мен құбылыстарының кеңістіктік заңдылықтарын зерттейтін география ғылымының топонимикадағы маңызы мен зерттеу бағыттарын анықтап беруге көмектеседі [4].

Қазақстан топонимикасын зерттеуде лингвист ғалым А.А. Әбдірахманов зор үлес қосты. «Қазақстан жер-су аттары» (1959) ғылыми жұмысында Қазақстан ірі қалалары, елді-мекендері, аудандары, аудан орталықтары мен темір жол стансалары - 800-ден астам ойконимдерге топонимикалық талдау жүргізген. А.А. Әбдірахмановтың «Топонимика және этимология» (1975) атты еңбегінде этимологиялық зерттеулер әдістері қарастырылып, республиканың 140-тан астам топонимдердің этимологиясы талданып анықталған. «Қазақстан этнотопонимикасы» (1979) ғылыми зерттеуінде арғын, дулат, алшын, керей және т.б. этнонимдерді енгізіп, ондаған топонимдерге тарихи ақпарат негізінде тарихи-этимологиялық талдау жасады.

Топонимика ғылымының дамуына үлес қосқан ғалымдардың бірі Е. Қойшыбаев Жетісу топонимикасының негізгі типтерін сипаттап жазды. Ғалым жер-су атауларының этимологиясын зерттеумен айналысып, Қазақстан топонимикасының қысқаша

этимологиялық сөздігін қазақша және орысша тілде құрастырған. Сөздікте екі мыңнан астам географиялық атаулардың қалыптасуына түсініктемелер берілген. «Краткий толковый словарь топонимов Казахстана» (1974) деген еңбегінде географиялық атауларды тілдік тұрғыда жүйелеп, оларға этимологиялық сипаттама берген [5].

Ономастиканың бір саласы ретінде қалыптасқан топонимикалық бағытты тіл мамандары осы кезге дейін жемісті дамытуда. Дегенмен географиялық атауларды тек тілдік және тарихи тұрғыдан қарастыру атаудың географиялық негіздеріне терең талдау жасауға мүмкіндік бермейді. Мұның өзінен Қазақстанда Ғ.Қ. Қоңқашбаев негізін салған топонимиканың географиялық бағытын дамыту қажеттілігі туындайды. Елімізде географтар тарапынан соңғы жылдары жүргізілген топонимикалық зерттеулер географияның әртүрлі саласына негізделіп келді. Әсіресе, осы салада ҚР БҒМ География институтының қызметкерлері Қазақстанның географиялық атауларын жинақтап, бірізділікке келтіруде іргелі зерттеулер жүргізіп келеді. Қазақстан топонимдерінің қалыптасуының тарихи-географиялық, физикалық-географиялық негіздеріне қатысты зерттеулердің нәтижелері академик Ә.С. Бейсенованың, профессор А.П. Горбуновтың, профессор Ж.Д. Достайдың, географиялық атауларды стандарттау және унификациялау мәселелері бойынша А.Р. Медеудің, ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастикалық комиссия мүшесі С. Ә. Әбдірахмановтың, Қ. Базарбаевтың еңбектерінде жан-жақты талданған.

2000 жылдан бастап ҚР БҒМ География институты Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі «Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры» РМҚК бірлесіп, жаңа «ҚР географиялық атауларын орысшадан қазақшаға аудару және қазақшадан орысшаға аудару бойынша нұсқаулыққа» жетекшілік ете отырып, Қазақстан Республикасының барлық аумағын қамтитын, 1:100 000 масштабтағы мемлекеттік топографиялық карталардың 2300 парағы негізінде құрастырылған, География институтының географиялық атаулар каталогының базасында 14 томдық «Қазақстан Республикасы географиялық атауларының мемлекеттік каталогтары» (2004-2017 жж.) жарыққа шықты. ҚР БҒМ География институтының ғалым қызметкерлері мен отандық ғалымдар зерттеулері бойынша Қазақстанның топонимикасы мен халықтық географиялық терминдер туралы бірқатар еңбектері жарияланды.

Қазақстан егеменді ел ретінде 1991 жылдан бастап тәуелсіз топонимикалық саясатын жүргізіп келеді. Сол жылдардан бастап география институтында топонимика және терминология бойынша жүргізілген зерттеулердің өзектілігі осы бағыттар бойынша әртүрлі ғылыми, нормативтік, анықтамалық, ресми материалдарға, сондай-ақ екі тілдегі қысқа және түсіндірмелі терминологиялық сөздіктер, каталогтар, географиялық атауларға деген қоғамдық сұраныспен анықталады [6].

Қазақстанда топонимияның ландшафттар динамикасы және табиғатты қорғау мәселелеріне қатысты тарихи-географиялық қырларын зерттеу жұмыстары бойынша географиялық ғылымдар тұрғысында кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды (кесте 1).

Кесте 1. Қазақстандағы топонимика бағытында географиялық ғылымдар бойынша зерттелген кандидаттық және докторлық диссертациялар:

Жылдар	Ғалымдар	Кандидаттық және докторлық (PhD) диссертациялар тақырыбы
<i>Кандидаттық диссертациялар</i>		
1949	Қоңқашпаев Ғ.Қ.	Казахские народные географические термины
1998	Каймулдинова К.Д.	Қазақтардың табиғатты пайдалану және қорғау дәстүрлерінің топонимикалық аспектілері
1999	Омарбекова А.С.	Социальное и природное в формировании топонимии

		Улытау-Тургайского региона
2002	Аяпбекова Ә.Е.	Батыс Қазақстан аймағының ландшафт ерекшеліктерін анықтайтын топонимдер бірлестігі
2004	Сапаров Қ.Т.	Павлодар облысы топонимдерінің қалыптасуының геоэкологиялық астарлары
2004	Маканова А.У.	Природные основы номинации географических объектов Акмолинский области
2006	Мырзалиева З.Қ.	Оңтүстік Қазақстан облысы топонимиясының физикалық-географиялық негіздері
2010	Мамбеталиев К.Т.	Қазақстан аумағының табиғи климаттық зоналарындағы топонимдер
2010	Сағымбай Ө.Ж.	Іле алабы топонимиясының физикалық-географиялық негіздері (Қазақстандық бөлігі)
<b><i>Докторлық диссертациялар</i></b>		
2010	Каймулдинова К.Д.	Қазақстандағы физикалық-географиялық нысандардың номинациялануының географиялық негіздері
2010	Сапаров Қ.Т.	«Қазақстан топонимдерінің қалыптасуы мен дамуының географиялық негіздері» (шығыс, солтүстік-шығыс өңірлері мысалында)
<b><i>PhD докторлық диссертация</i></b>		
2017	Егінбаева А.Е.	Сарыарқа ландшафттарының динамикалық өзгерістерін анықтаудағы топонимикалық зерттеулердің ғылыми-теориялық негіздері

Бұл еңбектердің барлығы топонимика ғылымындағы табиғатты пайдалану және қорғау, экономикалық және әлеуметтік, физикалық география, геоэкология бағыттарын дамытуға негіз болды. Географиялық бағыттағы топонимиканың зерттеу аясының кеңейе түсуіне бірқатар жоғарыда көрсетілгендей кандидаттық диссертациялардың орындалуы ықпал етті. Географиялық ғылымдар тұрғысында тұңғыш рет қазақ топонимдерінің ақпараттық жүктемесінің этноэкологиялық және физикалық-географиялық негіздері К.Д. Каймулдинованың (1998, 2010) зерттеулерінде талқыланды. К.Д. Каймулдинованың «Қазақстанның аридті аумақтарының топонимиясы» (2010) монографиясында қазақ халқының жер-су атауларының қалыптасуының географиялық негіздері, аридті аумақтардағы топонимдердің ерекшеліктері, табиғи орта мен географиялық атаулар арасындағы күрделі байланыстарды ашу бағытындағы жүргізілген зерттеулері қорытындыланып, берілген [7]. Ғалымның «Топонимика» (2011) атты еңбегінде топонимиканың негізгі терминдері мен олардың мағынасы; топонимиканың негізін салушы ғалымдар мен олардың басты еңбектері; топонимиканың негізгі зерттеу әдістері; топонимдерді қалыптастырушы негізгі факторлар; географиялық терминдердің атаулар қалыптастырудағы маңызы; географиялық атауларды топтастыру; топонимдердің шығу тегі, мағынасын, өзгеру сипатын талдау; топонимдердің аймақтық ерекшеліктері мен олардың негізгі қалыптасу кезеңдері; географиялық атауларды стандарттау мен унификациялаудағы ұстанымдар туралы мәліметтер берілген [4].

Қазіргі кезде Қазақстанда топонимикалық зерттеулердің жалпы мәселелермен бірге, арнайы зерттеулерде аймақтық топонимикалық зерттеулер қолға алына бастады. Аймақтық топонимиканы дамытуда қомақты үлес қосқан ғалымдардың бірі Ә.Е. Аяпбекова. Оның Батыс Қазақстан аймағының географиялық нысандарын зерттеуге бағытталған ғылыми мақалалары мен зерттеу жұмысы алғашқы рет физикалық-географиялық тұрғыдан топонимдердің қалыптасуын айқындауға ғылыми әдістемелік тұрғыдан маңызды рөл атқаруда. «Геожүйені құраушы топонимдер» (2011) атты оқу құралында геожүйе топонимиясының қалыптасу жағдайлары мен құрылымы, Қазақстан



топонимдерінде табиғат жағдайларының бейнелену заңдылықтары және ландшафттардың қазіргі жай-күйін анықтаудағы жергілікті топонимдердің маңызы туралы жазылған [8]. Қазақстанда топонимиканың геоэкологиялық астарларын зерттеуде тұңғыш еңбектердің бірі «Павлодар облысы топонимдерінің қалыптасуының геоэкологиялық астарлары» (2004) тақырыбында қорғалған Қ.Т. Сапаровтың кандидаттық диссертациясы болды. Ғалым 2010 жылы «Қазақстан топонимдерінің қалыптасуы мен дамуының географиялық негіздері» (шығыс, солтүстік-шығыс өңірлері мысалында) тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. ҚР мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша алғаш рет қазақ тілінде «Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі» (2007) атты монография, сонымен қатар Қ.Т. Сапаровтың басшылығымен «Топонимиканың геоэкологиялық негіздері (2014); «Павлодар облысының әкімшілік-аумақтық бірліктері мен физикалық-географиялық атауларының көрсеткіш анықтамалығы» (2015); «Шығыс Қазақстанның өзен-көл атаулары» (2017); «Баянаула топонимикасы» (ғылыми-танымдық зерттеулер) (2017); «Павлодар облысының топонимикасы» (2018) атты еңбектері жарыққа шықты.

Бұл ғылыми еңбектерде Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарының топонимдерінің пайда болуы, дамуы, қалыптасу тарихы, тілдік қабаттарының құрамы, оның тарихи өзгеру, қалыптасу заңдылықтары, жергілікті халықтың өткен өмірімен, тіршілік болмысы, экономикалық-әлеуметтік байланыстары жан-жақты баяндалады [9].

Сарыарқаның топонимикасын зерттеуде тұңғыш еңбектердің бірі «Сарыарқа ландшафттарының динамикалық өзгерістерін анықтаудағы топонимикалық зерттеулердің ғылыми-теориялық негіздері» (2017) тақырыбында қорғалған А.Е. Егинбаеваның докторлық диссертациясы болды. А.Е. Егинбаеваның 2018 жылы «Сарыарқа топонимикасы» атты монографиясы жарыққа шықты [10].

Кейінгі жылдарда әлем бойынша басқару органдары, ғылыми мекемелер, картографиялық қызметтер топонимдердің ұлттық жүйесін құру, географиялық атауларды жазудағы ұлттық стандартизацияға және топонимиканың ғылыми мәселелерін шешуге көп көңіл бөле бастады. Топонимикалық жүйенің қалыптасуы қандай да бір аумақтың әлеуметтік дамуына және физикалық-географиялық, экономикалық, тарихи факторларға байланысты.

*Қорытынды.* Осы кезеңге дейін жүргізілген зерттеулерге шолу жасау негізінде Қазақстан топонимикасында әлі жеткілікті зерттелмеген ғылыми мәселелер туындап отыр. Олардың арасында география ғылымдарының жеке салалары мен топонимиканың бағытын дамыту, аймақтық топонимика, топонимиканың географиялық астарларын негіздеу бағытында зерттеу жүргізу және ғылыми еңбектерді, топонимикалық карталар мен атластарды жарыққа шығару қазіргі кезде маңызды болып табылады. Оның айғағы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында төл мәдениетімізді және тарихи құндылықтарды зерделеу, географиялық атауларды қалпына келтіру мақсатында жүзеге асырылуда.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қонкашпаев Г.К. Словарь казахских географических названий. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1963. – 185 с.
2. Мурзаев Э. М. Местные географические термины и их роль в топонимике. // В. кн. Местные географические термины. Тезисы докладов и совещаний. М., 1996, С. 3-6.
3. Поспелов Е. М. Топонимика и историческая география //Топонимика и историческая география. Сборник статей. – М.: МФГО, 1976. – С. 4-9.
4. Каймулдинова. К. Д. Топонимика. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. - 267 бет.
5. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата: Изд-во «Наука», 1974. 284 с.
6. Абдрахманов С.А. *Современные проблемы топонимики и терминологии. // Географические проблемы устойчивого развития : теория и практика. А., 2008. – 93бс.*

7. Каймулдинова. К. Д. Қазақстанның аридті аумақтарының топонимиясы. Алматы: ЖШС РПБК «Te Color», 2010.- 280 бет.
8. Аяпбекова Ә.Е. Геожүйені құраушы топонимдер. Астана. 2011. - 121б.
9. Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикасы. - Алматы: Эверо, 2018. – 352 б.
10. Егинбаева А.Е. Сарыарқа топонимикасы. Монография. – Алматы: ССК, 2018. – 224 б.

ӘӨЖ 91.372.8

## **БЕНДЖАМИН БЛУМНЫҢ ТАНЫМ ДЕҢГЕЙЛЕРІ ТАКСАНОМИЯСЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫНАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ**

*А.С. Нұрғазина<sup>1</sup>, Ж.Ж. Исағалиев<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Туризм магистрі, Ақтөбе қ.*

<sup>2</sup>*Новый орта мектебі, география пәнінің мұғалімі, Ақтөбе қ.*

**Аңдатпа.** Таксономия — белгілі бір критериялар мен ұстанымдар бойынша объектіні жүйелеу, топтастыру немесе жіктеуді айтады. Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн.

**Кілт сөздер:** Таксономия, критериялар, ұстанымдар, объекті, жүйелеу, топтастыру, жіктеу, Блум таксономиясы, ұйымдастыру, оқушылар, дайын ақпарат, қабылдау, мәселе, зерттеу, талдау, салыстыру, ой толғауы, бағалау, қолдау.

Қазіргі кезеңде оқушыларда білім мен іскерлік дағдылардың қалыптасу деңгейін өлшеу және бағалау, оқыту тәжірибесінің түйінді мәселелерінің бірі. Егер оқытудың мақсаты нені білу тиіс, білім алушы нені істей алу керек екенін анықтаса, оқытудың міндеттері мақстақа жетуге қалай ұмтылу керек деген сұраққа жауап береді. Қазақстанның физикалық географиясы пәнің оқыту барысында, Блумның таным деңгейлерінің таксономиясы технологиясын пайдалану мен қатар, оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттыратын белсенді оқыту әдістері қолданылады. Олардың қатарына өзекті оқыту, шағын топтағы жұмыс, кері байланыс (рефлексия), «ұқсастық» (балама), пікір сайыс, кейс стадия әдістерін жатқызуға болады. Аталған әдістердің барлығы деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында сипаттау, талдау, жинақтау, ой қорытындыларын шығару сыйяқты танымдық ой әрекетінің тәсілдерінің көмегімен оқушылардың теориялық білімді терең меңгеріп, дүниетанымдарының қалыптасуына, географиялық ойлауды дамытуға мүмкіндік береді.

*Блум таксономиясы бойынша өткізілетін сабақтарға қойылатын талаптар:*

Блум таксономиясы әрбір тақырыпты мұқият оқып-үйренуді, ал іс тәжірибеге негіздеу арнайы дайындықты қажет етеді. Соған қарамастан бұл жүйенің құрамдас бөліктерін күнделікті сабақта пайдалануға болады.

*Қазақстанның физикалық географиясынан «Қазақстанның ішкі сулары» тақырыбында Блум таксономиясы бойынша тапсырмаларды орындауға арналған әдістемелік нұсқау:*

Қазақстанның физикалық географиясы пәнінен берілетін тапсырмалардың **білім, түсіну** деңгейіндегі тапсырмалар оқушылардың жеке тақырыптан алған білімдерін бекітуді, негізгі түсініктер мен ұғымдарды, дәйектерді өз бетімен меңгеріп түрлендіру

арқылы өз ой қорытындыларын шығаруды көздейді. Сондықтан қажетті ақпараттарды оқулық пен географиялық атластағы картадан алады.

Мысалы: *Видео тамашалай отырып, сұрақтарға жауап табу.*

- 1.Елімізде өзендер саны
2. Ертiстiң жоғарғы ағысында салынған су қойма
- 3.Орташа өзендер саны
- 4.Ірі өзендер саны
- 5.Қай өңірде өзендер жиі таралған
- 6.Қазақстандағы ең суы мол өзені
7. Қазақстан өзендерінің су қоры
8. Өзендердің су жинау алабының Қазақстанға тиесілі пайызы
9. Қазақстанның солтүстік аудандарының көлдерінің жалпы ауданы
10. Балқаш көлі алабына жататын ірі өзен

**Пайдалану** деңгейіндегі тапсырмалар оқулықпен картамен қатар қосымша білім көздерінен (интернет материалдары, түсініктер сөздігінен, географиялық анықтамалардан т.б.) алған білімдерін түрлендіруді, салыстыру, сипаттау арқылы өз ой қорытындыларын шығаруды қажет ететін тапсырмалар жүйесінен тұрады.

Мысалы: Берілген сипаттамалар және карта арқылы өзен немесе көлдерді анықтау ( Сурет 1, 2, 3).

Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл. Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі үшінші орында. Алматы, Жамбыл, Қарағанды облыстарының шегінде, Балқаш-Алакөл ойысында, теңіз деңгейінен 340 м биіктікте жатыр. Ауданы құбылмалы: 17 – 22 мың км<sup>2</sup>, ұзындығы 600 км-ден астам, ені шығыс бөлігінде 9 – 19 км, батыс бөлігінде 74 км-ге жетеді. Орташа тереңдігі 6 м, ең терең жері 26 м.



Сурет 1. Балқаш көлі

Ресейдің Орынбор облысы жерімен және Қазақстанның Ақтөбе (Алға, Ақтөбе, Мартөк аудандары), Батыс Қазақстан (Бөрлі ауданы) облыстары жерімен ағып өтеді. Су жиналатын алабы 41,3 мың км . Ұзындығы 623 (Жарықты саласын қоса есептегенде 699) км. Мұғалжар тауының батыс бөлігіндегі Бестөбе сілемінен қос тармақ болып басталады да, Жарсуатаулының тұсында Жайыққа сол жағынан құяды.



Сурет 2. Елек өзені

Жалпы Сырттың батыс бөлігіндегі жазықтан басталып, Қамыс-Самар көлдеріне құяды. Қазақстан аумағындағы су жиналатын алабының ауданы 9,4 мың км<sup>2</sup>, көп жылдық орташа су ағымы 7,80 м<sup>3</sup>/с. Аңғары кең, көпшілік жерінде батпақты жайылмасы шағын көлшіктер жасайды. Қар суымен толығады. Көктемде су бірнеше км-ге жайылып, жазда суы тартылғаннан кейін астық тұқымдас шалғын шөп қалың өседі.



Сурет 3. Үлкен өзен

**Талдау** санатындағы тапсырмалар оқулықтың мәтініне, географиялық атластағы тақырыптық карталарға, анықтама материалдарға, интернет мәліметтеріне талдау жасау, саралау негізінде тұтасты жеке бөліктерге бөлуді, олардың арасындағы өзара байланысты анықтауды, тұтастың ұйымдасу қағидаларын білуді көздейтін тапсырмалар жатады.

Мысалы: 1.Карта бойынша еліміздің қандай аумақтары су ресурстарына бай, қандай аймақтарында су ресурстары тапшы екенін анықтаңдар;

А) Жоғарыда аталған көрсеткіштерді тұрғындар санына, өндірістің дамуына және Қазақстанның ауыл шаруашылығына әсері қандай?

Б) Қазақстанда салалар бойынша су тұтыну деңгейі қандай? Басқа елдермен салыстырғандағы тиімді пайдаланып жатыр ма?

3.«Шын немесе Өтірік» берілген мәліметтердің шындық немесе жалған екенін анықтау.

4. «Ішінде – сыртында» берілген объектілердің арасынан Қазақстанға тиесілілерін тауып, орналастыру.

**Жинақтау** санатындағы тапсырмалар санат жаңалығы бар тұтасты алу үшін элементтерді құрамдастыра алу дағдыларын меңгеруді қажет ететіндіктен күрделі танымдық тапсырмалар беріледі. Оқушыларға өз бетімен ізденіп белгілі бір географиялық құбылыстар мен үрдістердің түзілу заңдылықтарын ашатын жоба құруды, өз тұжырымдарын ұсынуды көздейтін тапсырмалар беріледі немесе шағын шығармашылық эссе жазады да эксперимент жүргізу жоспарын ұсынады. Қандайда бір өзекті мәселені шешу жоспарын құру үшін әртүрлі сала бойынша алған білімдерін пайдаланылады.

Мысалы: «Қазақстанның ауыз сумен қамтамасыз етілуі» немесе «Қазақстандағы ауыз суды үнемдеу жолдары» тақырыбында эссе жазу.

**Бағалау** санаты қандайда бір оқу материалының (тұжырымның, зерттеу деректерінің т.б.) маңызын бағалай алу дағдыларын меңгеруді талап етеді. Оқушының пайымдауы ішкі (құрылымдық, логикалық) немесе сыртқы (алдыға қойған мақсатқа сәйкес келуі) айқын өлшемдерге негізделуі тиіс. Өлшемдерді оқушылардың өздері немесе мұғалім анықтауы мүмкін. Сабақ барысында жинаған жетондарын студенттер бойынша есептейміз және топ бойынша есептейміз (кесте 1.)

Кесте 1. Студенттерді бағалау әдісі

Студенттердің аты-жөні	Білім-түсіну	Пайдалану	Талдау	Жинақтау	Бағалау

Блумның таным деңгейлерінің таксаномиясы технологиясы бойынша құрылған тапсырмаларды орындау төменде көрсетілген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- ойлаудың логикалық жүйесін (мысалы, бағдарламаға салынған барлық операцияларды логикалық сәйкестендіріп жүйелі түрде орындау есебінен) қалыптастыруға;

- оқушылардың өз бетімен шығармашылық бағытта жұмыс істеуіне;

- жалпы танымдық қабілетінің дамуына әсер етеді; материалды тез меңгеруге;

- оқу үрдісін даралау және саралауға (күрделіліктің түрлі дәрежесіне байланысты мақсатқа сатылап жақындау мүмкіндіктерін пайдалану арқылы);

- өзін-өзі бақылау және өзін-өзі дайындауын, жаттықтыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету және соның көмегімен оқушылардың өзін-өзі дайындауын жүзеге асыруға;

- оқылып жатқан үрдістердің динамикасын көрнекілеп көрсету, әлемдегі жасырын үрдістерді көрнекі түрде көрсету, олардың дамуын уақыт және кеңістік қимылы тұрғысынан бақылау, зерттеліп жатқан заңдылықтарды графиктік-бейнелерді түрледіруге;

- оқу ісінде керек мәселелердің ақпараттық базасын құру және қолдану, ақпараттық жүйеге қолжетімділікті қамтамасыз етіп, оқудың уәжін күшейтуге;
- оқу үрдісін даралау және саралауға (күрделіліктің түрлі дәрежесіне байланысты мақсатқа сатылап жақындау мүмкіндіктерін пайдалану арқылы);
- күрделі ахуалдарда қолайлы немесе көп нұсқалы шешімдер қабылдай алу дағдыларын қалыптастыруға;
- өзін-өзі бақылауына және өз жұмыс әрекетіне өзінің түзету енгізе білуіне үйретеді; басқа пәндерден алған білімдерін бекітуге.

Қорыта айтқанда, Блумның таным деңгейлерінің таксономиясы технологиясын пайдалану барысында өткізілген шеберлік класс күрделі танымдық кестелермен жұмыс бұрын қалыптасқан тірек біліміне сүйене отырып, табиғи, немесе әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен үрдістердің арасындағы байланыстарды ашып, ой қорытындыларын шығаруға негізделеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Тоқпанов Е.А., Сергеева А.М., Шумақова Г.Ж., Нургазина А.С. Географиялық білім беру жүйесіндегі жаңа инновациялық технологиялар. Монография. Алматы 2019.- 86-99б.
2. Дмитриева В. Т., Воробьев А.Н. Современные образовательные технологии в преподавании географии // География в школе. – № 4. - 2001. – С. 88-92
3. Переверзев С.И. Анимация в Macromedia Flash MX. – М.: Бином, 2006. –244 с.
4. Николина В.В. Проектное обучение в школьной географии: теория и практика. – Новгород: НГПУ, 2008. - 107 с.
5. Жакупов С.М. Танымдық іс-әрекет психологиясы. – Алматы, Рауан, 1992. – 129 б.
6. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. Учебное пособие. – М.: Народное образование, 2008. - 256 с.
7. Современный урок географии. (В 6-ти частях. Библиотека «География в школе»).



## ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ҚАШЫҚТАН ОҚИТУ КЕЗІНДЕ АКТ МҮМКІНДІКТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*А.Е.Кенжебаева, Г.У. Утегенова*

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, магистрант*

**Аңдатпа.** Мақалада мектепте география сабақтарын қашықтан оқыту кезінде АКТ мүмкіндіктерін қолданудың рөлі, оның артықшылықтары, сондай-ақ қашықтан білім беру технологияларының мүмкіндіктері қарастырылады.

Қазіргі заман талабына сәйкес туристік жорықтарда жүргізілетін зерттеушілік жұмыс жаңа көзқарасты талап етеді. Осындай жаңа әдістің бірі-туристік соқпақтар құру. Олардың көптеген бағыттары бар: тарихи, географиялық, зоологиялық, геологиялық, өлкетанушылық, экологиялық, т.б. Туристік соқпақтарды құру қиын болғанмен, білім беруде, тәрбие жұмысында маңызы өте зор.

Туристік соқпақтарды құру алдымен орынды таңдаудан басталады. Бұл жерде жас турист түрлі табиғат кешендерімен танысып, оған антропогендік факторлардың тигізетін әсеріне баға беруіне мүмкіндік болғаны жөн. Сонымен қатар туристік соқпақ маршруты бойында жергілікті жердегі тарихи-мәдени мұра объектілерінің орналасуы да ерекше қызығушылық туғызады. Соқпақтың ең тиімді ұзындығы -2 км. аспауы керек және соқпақ бір нүктеден басталып, сол нүктеде аяқталуы керек.

Соқпақтың орны таңдалған соң, сол жердегі мемлекеттік басқару ұйымдардан рұхсат алып немесе шартқа отыру керек.

Әрі қарай маршрутты салу басталады, маршрут арнайы буклеттер мен жол сілтемелерге түсіріледі, жол тазартылады, маркировкаланады. Ол үшін табиғи белгілер мен қолдан жасалған белгілер қатар пайдаланылады.

Туристік соқпақтардың негізгі тақырыбы мен мақсатына қарай жарнама тақтайшаларын пайдаланған тиімді. Мұндай тақтайшалардың бірнеше түрі бар:

1. Танымдылық- қоршаған объектілер туралы ақпарат береді;

2. Инструктивті- жорықтағы тәртіп пен ережелерді жарнамалайды;

3. Эмоционалды- табиғат, оны қорғау туралы афоризмдер мен өлең жолдары жазылады. Инструктивті жарнамаларда ұзақ мәтіндердің орнына пиктограммаларды да пайдалануға болады. Танымдылық жарнамалардағы мәтін қаратпа сөздер арқылы беріледі, мысалы: «Сіз білесіз бе? Бұл территориядағы жануарлар мен өсімдіктер мемлекет тарапынан қорғауға алынған!».

Туристік соқпақтарды ұйымдастыру –білім беру мен тәрбие беру процесінің тиімді формасы, халық шаруашылығының жас және маңызды саласы туризмге деген қызығушылықты тәрбиелейтін, насихаттайтын шаралардың бірі.

Туристік жорықтардағы оқушылар мен студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда туған өлке материалдарын пайдалану және зерттеулерді тікелей объектіде жүргізудің маңызы өте зор, себебі, өлкетанушылық бағыттағы зерттеу жұмыстары жас ұрпақтың жан-жақты ойлауы мен өз өлкесі туралы білімдерін кеңейтіп, адамдарды қоршаған ортадағы экономикалық-географиялық, әлеуметтік-экономикалық процестерді түсінуіне, фактілерді негіздеуге, логикалық дәлелдемелер құруға, түрлі географиялық біліктілік пен дағдыны қалыптастыруға нақты ортада қалыптасқан жағыдайда шешім қабылдауға тәрбиелейді.

Туған өлкені зерттеу жұмыстарын жүргізудің мынадай тақырыптық тапсырмаларын ұсынуға болады:

1-тапсырма: Елді мекен және оның даму жоспары туралы дәріс; елді мекеннің планы және оның ерекшеліктері; құрылыс жүргізу перспективасы (аудан әкімінің немесе архитектордың хабарламасы); елді мекендегі көшелердің картосхемасын сызу.

2-тапсырма: Елді мекендегі жолдарды картосхемаға түсіру; көлік түрлерінің маршруттарын белгілеу;

3-тапсырма: Картосхемада тұрғын үйлерді, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік және мәдени объектілерді белгілеу; статистикалық мәліметтерді жинау.

4-тапсырма: Жиналған материалдарды өңдеу.

5-тапсырма: Есеп дайындау, қортынды картосхемаларды сызу, конференцияға дайындалу;

6-тапсырма: Зерттеу жұмыстарының қортынды конференциясын өткізу, даму перспективасының жобасын құру.

Мұндай танымдылық мазмұндағы тапсырмалар оқытушының ұйымдастыруымен өткізілетін зерттеушілік жұмыстардың құрамына кіреді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Алиева. Ж. Н. Экологический туризм. Алматы. Каз. Универ. 2002.
2. Биржанов. М. Б. Введение в туризм. С-Петербург. 2002.
3. Вилькеев. Д. В. Методы научного познания в школьном обучении. Казань. 1975.
4. Жексенбаев. У. Б. Организация научно - исследовательской деятельности школьников. - Алматы, РАДиал. 2005.
5. Курилова В. И. Туризм. М., 1988
6. Туристко – краеведческие кружки в школе. М., 1988.

ӘОЖ 379.85

### **АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ЫРҒЫЗ АУДАНЫНДА АУЫЛДЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

*Бөкенова Н. О.*

*Қ. Жұбанова атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, студент, Ақтөбе қ.*

**Аннотация.** Әлемді шарпыған пандемия кезінде адамдардың табиғат аясына демалуға шығуы арта бастады, елімізде ішкі туризмге деген сұраныс өсе бастады. Өйткені, табиғаттың таза ауасы адамдардың сауығуына, иммундық жүйесін нығайтуға, ағзаны вирустан және басқа аурулардан қорғауға көмектесетіні белгілі. Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданында туризмді, әсіресе, экотуризм мен агротуризмді дамытуға қолайлы аймақ. Себебі, мұнда туристерге ұсынылатын табиғи және тарихи ескерткіштер көп. «Ырғыз-Торғай» резерватының буферлік зоналарында экотуризмді, ауыл туризмін дамытуға арналған көптеген мүмкіндіктер бар. Ішкі туристерді, сонымен қатар, шетел туристерін қызықтыру мақсатында көптеген орындар мен қызметтерді дамытуды қажет етеді.

**Кілт сөздер:** ішкі туризм, туризм индустриясы, ауылдық туризм, экотуризм, агротуризм

Пандемия төтенше жағдай оқшаулаудың ең ауыр салдарын бастан өткерген туристік салаға да өз әсерін тигізді. Пандемия адамзат үшін үлкен сабақ болды. Ең бастысы, табиғат пен қоршаған орта адам денсаулығы үшін қаншалықты маңызды екенін ұғындық. Туризм және саяхат, табиғатты сүйу, оған жанашырлықпен қарау жер бетіндегі өмірді сақтауда басты орын алуы мүмкін. Төтенше жағдай мен карантин кезінде шығынға



батқан саланың бірі - туризм. Дүниежүзілік саяхат және туризм жөніндегі кеңестің мәліметі бойынша COVID-19 кесірінен әлемдік саяхат саласында қызмет көрсететін 50 млн. жұмыс орны жабылып қалуы мүмкін. Италияда өткен жылмен салыстырғанда сапарға шығу мақсатымен әуе билеттерін брондау 94%-ға, елдер бойынша алсақ, Ұлыбританияда 63%, Испанияда 84%, Германияда 65%, Францияда 74%-ға азайған. Қысқасы, дүниежүзілік туризм саласының «шығар шықпас жаны бар» [1]. Ал Қазақстанда қиындықтар COVID-19 тарап, ең танымал бағыттарға ұшу тоқтаған тұста басталған. Осы жағдай кезінде Қазақстанның ішкі туризмінің одан әрі дамуына жол ашылды.

Ауыл туризмі туристердің ауылдық жерлерде демалыс және ауылшаруашылық жұмыстарына қатынасу мақсатында уақытша болуын қарастыратын туризм түрі, ондағы басты міндетті шарт: туристерді орналастырудың жекеленген немесе арнаулы маманданған орындары ауылдық жерлерде, шағын өнеркәсіптік және көп қабатты құрылыстары жоқ қалаларда орналасуы.

Ауыл туризмін дамыту тұрғысынан ерекше қадам деп оны «туризм түрі» деп тану мен оның құрамына «ауыл шаруашылық жұмыстарына қатынасу» секілді қызмет түрін кіргізу болып табылады. Бұларға қарағанда ауыл туризмі ауылдық жерлерде немесе шағын қалалардың (өнеркәсіп аймақтары мен көп қабатты құрылыстар болмаған жағдайда) жеке секторында қонақжайлық қызметтерін ұсыну жолымен, осы жерге тән табиғи, мәдени-тарихи және басқа да ресурстарды пайдалануға бағытталған демалысты ұйымдастыру бойынша қызмет деп анықтаған дұрысырақ болар еді. Жекеленген қызмет түрлерінің маңызы мен орнына немесе өнімдердің көпшілігінде пайдаланылатын өнім түрлеріне және ауыл шаруашылық туризмінің маршруттарына назар аудару ұғымдардың мағынасының өзгеруіне әкелді.


Ауылдық туризмді дамыту үшін ең басты назар аударатын мәселе – ресурстық әлеует. 1-суретте ауыл туризмін дамытудағы ескерілетін негізгі әлеуеттер көрсетілді.



Сурет 1. Ауыл туризмінің ресурстық әлеуеті

Ауыл туризмінің ресурстық әлеуетінен кейінгі қарастырылатын мәселе оның классификациясы. Ауыл туризмі туризмнің басқа түрлері сияқты негізгі аймақтағы базаға, табиғи-рекреациялық ресурстарға, ауыл шаруашылығында пайдаланылатын табиғи ресурстарға (ауыл шаруашылық жерлер, фермалар, т.б.) негізделеді. Аймақтың негізгі

әлеуеті бойынша ауылдық туризмнің жіктелуі бойынша түрлерін ұйымдастыруға болады. Ауыл туризмі туризм формасы бойынша, орналастыру орындары бойынша, демалыс сипаты бойынша жіктеледі (сурет 2).



Сурет 2. Ауыл туризмінің жіктелуі [4].

Ырғыз ауданы – туризмді, әсіресе, экотуризм мен агротуризмді дамытуда қолайлы аймақ. Себебі, мұнда туристерге көрсететін табиғи және тарихи ескерткіштер көп. «Ырғыз-Торғай» резерватының буферлік зоналарында экотуризмді дамытуға арналған көптеген мүмкіндіктер бар. Ырғыз-Торғай резерватындағы туристік-рекреациялық ресурстарға:

- қолайлы географиялық орын;
- салыстырмалы қолайлы табиғат жағдайлары мен жақын маңайдағы елді мекендердің ауыл шаруашылығымен, оның ішінде мал және балық шаруашылықтарымен айналысуы;
- резерваттағы туристік құндылықтарды жатқызамыз.

Енді осы ресурстарға және аймақтың туризм индустриясы бойынша қысқаша сипаттама беріп кетейік [2]:

Географиялық орнының қолайлылығы. «Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты» Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданының Нұра, Тәуіп селолық округтерінің жерлерімен шектеседі. Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты құрғақ, қалыпты, ыстық аймақта орналасқан. Ландшафттық бөлінуі бойынша қалыпты - ыстық,



құрғақшылық шөлді жерде орналасқан. Климаты шұғыл континентті, аз қарлы, қарлы боранды қысы қатты, жазы ыстық, құрғақ құмды, желді, жауын-шашын сирек түседі, тез булану процесі жүретін, құрғақ, күн радиациясы жоғары.

Ырғыз Торғай резерватында алуан түрлі пейзаждар мен сулы батпақты жерлер сияқты көптеген туристік құндылықтар бар Экотуризмді дамыту үшін 3 туристік маршруттар қарастырылған. Туристік базаны резерват көлеміндегі үш жерде ашу жоспарланып отыр. Бұл орталықтар - *Атан басы жүйесі, Алакөл бөлімшесі және Малайдар көлі.*

Табиғи нысандарымен қатар, мәдени мұралар да туризмде үлкен қызығушылыққа ие. Резерват аумағында *Ыстықатпа* шипалы суы бар. Көлемі 70-80 м судың температурасы жылдың төрт мезгілінде де 35-40<sup>0</sup>С-ге ыстық болады. Бұл су, әсіресе, буын, бел ауруларына ем. Мұндағы балшықтың да өзіндік қасиеті бар. Ыстықатпаның емдік қасиеті туралы 1972-1973 жылдардан бастап белгілі. Резерват құрылғаннан кейін, осы маңға үй тұрғызған. Үйдің жанында қазандыққа дейін құрулы тұр. Ыстықатпаға жергілікті халықтан гөрі, Қызылорда облысына қарасты Арал ауданының тұрғындары көп келеді. Ыстықатпа – Ырғыз кентінен қашық, Арал ауданына жақын орналасқан [3].

Туристік инфрақұрылым мен қызмет көрсету. Туристерге жету қолайлығы бойынша ең жақын елді мекен Ырғыз елді мекені. Ол резерваттан 80 шақырымдай жерде орналасқан (машинамен 1,5-2 сағат). Ақтөбе қаласы резерваттан 454 шақырым жерде орналасқан. Ақтөбеден Ырғызға күніне бір рет автобус қатынайды. Ақтөбе қаласынан жүретін темір жол, әуе байланыстары халықаралық туристер үшін мекенге қатынауды жеңілдетеді. Алайда бұл көлік түрлері қарастырылмаған.

Туризмге арналған жағдайлар. Экотуризмнің алғашқы бағдарламалық қадамына арнап резерват қызметкерлері қонақжайлылықпен киіз үй тігіледі. Оның ішіне енгенде жасыл жайлау төрінде отырғандай әсер алу керек. Киіз үйдің ашық тұрған есігінен аумақты көлдің бір бөлігі айқын көрінеді. Осы көлдердің ішіндегі ең көлемдісі – Тайпақкөл. Оның аумағы 505 гектарды құрайды. Одан кейінгі екінші орынды 310 гектарды қамтитын Малайдар иеленеді. Ал Асабайкөлдің көлемі 81 гектар шамасында. Туристер аталған көлдерді жалғап жатқан өзектер бойымен серуендей жүріп, қамыс арасындағы жасырын бақылау аландары арқылы көл бетіндегі, оның жағасындағы табиғи тіршілікпен етене таныса алады. Осы үш көл Ырғыз өзенінен Қараөзен өзегі арқылы қоректеніп, бір-бірімен тамырласа жалғасады. Көлдер теңіз деңгейінен 80,4 м биіктікте орналасқан. Бұлар бір жағынан көктемгі су тасқынымен толығып отыратын тұйық, айдын көлдер. Туристер белгіленген бір бағыт – осындағы базадан қалаулары бойынша автокөлікпен немесе атпен, тіпті түйемен шығып, Тайпақкөлді жағалап, Өтегенкөл, Аққабақкөл, Ұзынкөл аумақтарын тамашалап, Ырғыз өзенінен жазда үзіліп қалатын Тікөткөл арқылы өтіп, биік жоталы, құм шағылды Қарақұмның жалғасы болып табылатын Нарқызылға дендеп енумен тұйықталады.

Сонымен қатар Ырғызда басқа да қызметтер түрлері жақсы дамыған. Атпен серуендеу және гид-нұсқаушы қызметі белгілі ақы үшін оңай ұйымдастырылады. Бірақ тамақтандыру қызметі шектеулі. Ауыл инфрақұрылымы айтарлықтай жақсы дамымаған. Ауыл ішінде асфальттанған жол болмаса да, ауылға жету жолдары асфальттанған. Ауылда су мен электр жүйесі жақсы қамтылған. Ырғызда медициналық пунктері бар, онда дәрігерлер мен медбикелер және дәрі-дәрмектермен қоса телефон байланысы бар. Қамалы қызметкерлері байланысты рация арқылы жүзеге асырады.

Ақтөбе облысында туристік әлеуеті бар ауылдық аймақтарының табиғи туристік ресурстарының тиімділігін арттырудың және ауылдық өңірлердің туристік инфрақұрылымын дамытудың ең қолайлы әрі табысты жолы - аталған өлкеде агротуризмді дамытуды қалыптастыру. Агротуризм ауылдық өңірдің туристік тиімділігін арттырып қана қоймай, ауылды дамытуға септігін тигізіп, оның әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсартуға бірден-бір үлес қосады. Агротуризм ауылдық аймақ жағдайын жақсарту, ауыл халқының экономикалық әл-ауқатын көтеру, жергілікті халықты

жұмыспен қамту, табиғи, тарихи, мәдени мұра біртұтастығын сақтау, өлкеге деген шетелдік әрі отандық туристердің мәдени, тарихи, экзотикалық қызығушылығын ояту мен арттыру, өңірдің туристік имиджін қалыптастыру сынды бірқатар өзекті мәселелерді шешудің тиімді жолы да бола алады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Төтенше жағдай кезіндегі туризм нарығы. Арнайы жоба сайты. <https://inbusiness.kz/kz/specprojects/ttenshe-zhaday-kezindegi-turizm-naryy>
2. Сергеева А.М., Кусаинов Х.Х. Агротуризм мен экотуризмді жергілікті аумақта ұйымдастыру мәселелері (Ақтөбе облысы мысалында). – Ақтөбе, «Жұбанов университеті», 2019. – 240 б.
3. Насыров Г.М. Туристско-рекреационный драйвер социально-экономического развития региона // Материалы III Всеросс. научн.-практ. конф. «Устойчивое развитие территорий: теория и практика». – Уфа: Зауральский филиал ФГОУ ВПО «Башкирский ГАУ», 2011. – С. 98-104
4. А. Б. Здоров Агротуристский комплекс: формирование и развитие // Монография «Химики», 2011

*Ғылыми жетекшісі: Абдуллина А.Г.*

ӘОЖ 338.27

## COVID-2019: ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

*Спанова Д.Т.<sup>1</sup>, Әбденов А.Ж.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, студент, Ақтөбе қ.

<sup>2</sup>Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, т.ғ.к. доцент, Ақтөбе қ.

**Аннотация.** Туризм саласы коронавирус-2 (SARS-CoV-2) ауыр жедел респираторлық синдромынан туындаған 2019 жылғы коронавирус ауруының (Covid-19) бұрын-соңды болмаған проблемасына тап болды. Осы мақаланың мақсаты – Covid-2019 пандемиясының туризм саласының жағдайы мен дамуына әсерін талдау. Пандемияның туризмді дамытуға әсері талданды, Covid-2019 пандемиясының туризм саласының — туристік ағымның жай-күйі мен дамуына, халықаралық туризмнен түсетін табысқа әсері қаралды. Covid-19 пандемиясынан кейін туризм саласын дамытудың ықтимал болжамдары ұсынылған.

**Кілт сөздер:** дағдарыс, туризм, экономика, пандемия, Covid-19, шектеулер.

Қазіргі туризм жиармасыншы жүзжылдық феномені деп есептеледі, ал 21 ғасыр туризм ғасырына айналуының барлық мүмкіндігіне ие. Әлемнің 195 мемлекетінің ішінен туризмге 150-ден астам ел тартылған. Соңғы онжылдықтарда әлемдік туризм тұрақты өсу үрдісінде [1]. Дүниежүзілік туристік ұйымның (UNWTO) бағалауы бойынша 2030 жылға қарай бүкіл әлемдегі туристік келу саны 1,36 млрд. адамды құрайды. Жаһандық ауқымда туризм ЖІӨ-нің шамамен 10% және әлемдік экспорттың 6% құрайды [2, 3-13 б.].

2020 жылы туризм индустриясы өзінің дамуында үлкен қиындыққа тап болды — бүкіл әлемде коронавирустың жаңа түрінің (COVID-2019) тез таралуына байланысты ауыр дағдарыс басталды.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, дағдарыстар тек шарасыз үрдіс қана емес, сонымен қатар белгілі бір мағынада қажет, өйткені олар тек теріс құбылыстар мен

процестермен ғана байланысты емес — дағдарыстар әрдайым одан әрі өсу мен даму үшін қосымша мүмкіндіктер ашады.

"Дағдарыс" термині (грек. krisis-шешім, бұрылыс нүктесі) кең мағынада күрт өзгерісті, бір нәрсенің күрделі өтпелі күйін білдіреді. Мақсатқа жетудің қолда бар құралдары тиімсіз болған кезде құбылыстың немесе процестің тұрақсыз күйінің ерекшеліктерін көрсететін осы тұжырымдаманың көптеген түсіндірмелері бар [3].

Дағдарыстардың әртүрлі классификациясын бөлуге болады: Басқару дәрежесі бойынша (басқарылатын және басқарылмайтын), ұзақтығы бойынша (ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді), пайда болу табиғаты бойынша (экономикалық, басқарушылық, техникалық); ауқымы бойынша (микроэкономикалық, макроэкономикалық) және т.б.

Туристік қызметке экономикалық, саяси, қоғамдық, табиғи және техникалық сипаттағы көптеген факторлар әсер етеді, олардың ішінде: терроризм, туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету процесі, техногендік апаттар; туристік ағындардың біркелкі бөлінбеуі; әлемнің кейбір аймақтарындағы саяси тұрақсыздық; ұзаққа созылған әлемдік рецессия; валюта бағамдарының құбылмалылығы; туризмдегі ұлттық емес, халықаралық нормалардың басымдығы және т.б. [4].

Бір қызығы, дағдарыс жағдайындағы туризм болып жатқан өзгерістерден тез әлсірей отырып, экономикалық қызметтің осал түрі болып табылады, ал қалпына келтіру кезеңі салыстырмалы түрде қысқа. Сонымен қатар, туристік өнімдер мен қызметтерге сұраныс азаяды, бірақ толығымен жойылмайды.

Егер біз әлемдік туризмдегі 1950-1960 жж. басындағы тәжірибеге оралсақ, тұрақсыз экономикалық жағдайға қарамастан, туристік келулердің өсу қарқыны айтарлықтай жоғары болып қалғанын байқаймыз. Бұл туризм дағдарысқа ұшырамайды деген болжам жасауға негіз берді. Алайда, 1966-1967 жылдардан кейінгі экономикалық дағдарыс кезінде туристік келушілердің өсу қарқыны төмендей бастады. Халықаралық туризмдегі келесі құлдырау 1973-1974 жылдары байқалды, бұл энергетикалық дағдарысқа байланысты болды. Туризмдегі тағы бір елеулі құлдырау 1982-1982 жылдары әлемдік циклдік экономикалық дағдарыстың нәтижесінде болды (ұзақтығы 50-60 жыл болатын "ұзын толқындар" сияқты дағдарыс). Туризм үшін 2009 жыл да қиын болды, бұл қайтадан экономикалық себептерге, сондай-ақ А(H1N1) тұмауы эпидемиясына және әртүрлі елдердегі (соның ішінде Таиланд пен Грециядағы) саяси факторларға байланысты болды.

Дүниежүзілік туристік ұйымның бағалауы бойынша халықаралық туристік келу саны экономикалық өсу жылына 4% және одан жоғары болған кезде жылдам қарқынмен ұлғаюда. Егер экономикалық өсу 2%-ға дейін төмендесе, онда саяхаттың айтарлықтай төмендеуі байқалады. Саяси жағдайдың нашарлауы туризмнің дамуына айтарлықтай теріс әсер етеді [5].


Туризм секторы қазіргі уақытта COVID-19 басталуынан ең көп зардап шеккендердің бірі болып табылады, ол туристік сапарлардың ұсынысына да, сұранысына да әсер етеді. Әлемдік экономиканың, геосаяси, әлеуметтік шиеленістің әлсіреуіне байланысты жағдай күрделене түсуде. Мақаланы жазу барысында бүкіл әлем бойынша COVID-19 инфекциясын жұқтырған адамдар саны 122 миллионнан асты, ал өлім саны 2,69 млн-нан асты (15.03.2021) және жұмыссыздық деңгейі көптеген елдерде күрт өсті, бұл пандемияның экономикаға ауыр әсерін көрсетті. Болашақ пандемиялардың перспективаларын ескере отырып, жаһандық экономикалық құндылық тізбегін және пандемияның пайда болуындағы туризмнің тасымалдаушы және оның құрбаны ретіндегі ерекше рөлін қайта қарастыруға негіз бар.

Туристік сала – бұл өз қызметтерінің икемділігіне байланысты осы құлдырауда ерекше зардап шеккен экономиканың секторы.

Туризм нарығын зерттеуге арналған ғылыми еңбектерде пандемияның туризм нарығына әсерін талдайтын зерттеулер көп емес. Ф.Брукле өз жұмысында пандемия мен саяхаттың өзара әрекеттесуі денсаулық қауіпсіздігі мен жаһандық өзгерістерді түсіну үшін маңызды екенін атап өтті [6].

Бұл жұмыстың мақсаты - COVID-19 пандемиясының туризм саласының жағдайы мен дамуына әсерін түсіну.


Әлемдік туризмге дағдарыстар бірнеше рет әсер етті. 2000-2015 жылдар аралығында террористік актілер, SARS өршуі (2003), геосаяси тұрақсыздық, 2008-2009 жылдары орын алған жаһандық экономикалық дағдарыс және 2015 жылғы Таяу Шығыстағы респираторлық синдромы (MERS) негізгі жойқын оқиғалар болып табылады. Олардың ешқайсысы туризмнің әлемдік дамуының ұзақ мерзімді төмендеуіне әкелген жоқ, ал кейбіреулері тіпті байқалмайды (сур.1), тек SARS (-0,4%) және жаһандық экономикалық дағдарыс (-4,0%), халықаралық саяхаттар санының қысқаруына әкелді. Бұл туризмді жүйе ретінде сыртқы күйзелістерге төзімді деп болжам жасауға ықпал етті. Сонымен бірге, COVID-19 пандемиясының әсері және қалпына келу процесі бізге жаңа дүние болады.



Сурет 1. Жылдық халықаралық туристер саны. Дүниежүзілік туристік ұйымның деректері бойынша жасалған (URL: <https://www.unwto.org/tourism-covid19>).

Қалыптасқан жағдай әлемдік экономиканың барлық салаларына, оның ішінде туризмге айтарлықтай әсер етті. Сарапшылар бірауыздан атап өткендей, туризмдегі мұндай дағдарыс екінші дүниежүзілік соғыстан бері байқалмады.

Дүниежүзілік туризм және саяхат кеңесінің (WTTC) 2020 жылдың көктемінде жүргізген зерттеуіне сәйкес, коронавирустық пандемия күн сайын әлемдік туризмдегі миллион жұмыс орнының қысқаруына себеп болды. Осыған байланысты Германия ең көп зардап шеккен Еуропа елі болды, онда шамамен 1,6 миллион жұмыс орны қысқарды. Екінші орында Ресей, үшінші орында — Италия және Ұлыбритания. Сонымен қатар, Бразилия, Франция, Жапония, Индонезия және Үндістан қатты зардап шекті. Зерттеу сондай-ақ 2020 жылы коронавирусқа байланысты саланың жалпы шығыны 2,1 трлн долларға дейін жетуі мүмкін деп мәлімдейді (H1N1 шошқа тұмауы және SARS вирустарынан туындаған алдыңғы індеттердің тәжірибесі негізінде).



Сурет 2. Халықаралық туризм жылдық табыстары, дүниежүзі бойынша ( млрд. АҚШ доллары) Дүниежүзілік туристік ұйымның деректері бойынша жасалған (URL: <https://www.unwto.org/tourism-covid19>).

Елдер ішінде вирус қонақжайлылық тізбегінің барлық бөліктеріне әсер етті. Іс-шаралардың тоқтатылуы, демалыс орындарының және туристік көрікті жерлердің жабылуы әсері қоғамдық тамақтану және кір жуу қызметтері сияқты жеткізу тізбегінің басқа бөліктерінде бірден сезіле бастады. Содан кейін жұмыстан босату және банкроттық туралы хабарламалар пайда болды: Британдық FlyBe Авиакомпаниясы 2020 жылдың 5 наурызында банкроттық туралы жариялады (Business Insider, 2020).

Ірі авиакомпаниялар, соның ішінде Скандинавиялық авиакомпаниялар (17.03.2020ж.), Singapore Airlines (27.03.2020ж.) және Virgin (30.03.2020ж.), сонымен қатар туроператорлар, оның ішінде неміс TUI (27.03.2020ж.) штатта ондаған миллиард АҚШ долларын сұрады, ресейлік туроператорлар қаржылық кепілдіктерді ұзарту бойынша қиындықтарға тап болды.

McKinsey консалтингтік компаниясы оқиғалардың дамуын болжаудың екі сценарийін сипаттады: оптимистік, бұл бір-екі тоқсанның күрт төмендеуінен кейін қалпына келу; және пессимистік, эпидемия әлемдік экономиканы бірнеше айға, тіпті тоқсанға тоқтатады және/немесе әр түрлі елдердегі карантиндік шаралар жеңілдегеннен кейін екінші толқынның басталуы. Бұл жағдайда сұраныс пен ұсыныстың күйзелісінен туындаған қазіргі дағдарыс жаппай банкроттыққа, уақытша жұмыссыздыққа емес, елдердің активтері мен әл-ауқатының жойылуына байланысты толыққанды қаржылық дағдарысқа айналады. Бұл әлемдік экономиканың құрылымын бұзуы мүмкін.

Коронавирус дәуірінен кейінгі туризм қандай болады десек, бұл көптеген факторларға байланысты болады. Біз сұраныс құрылымының өзгеруін байқаймыз, ол ең алдымен эпидемиологиялық жағдайға байланысты шектеулермен, қорқынышпен және халықтың нақты кірістерінің төмендеуімен, жиынтық төлемге қабілетті сұраныспен байланысты болады.

Қазір COVID-19 ауруының деңгейі біртіндеп төмендеп келеді, оған вакцинация да ықпал етуде. БҰҰ жанындағы Дүниежүзілік туризм ұйымының (UNWTO) Бас хатшысы Зураб Пололикашвили ағымдағы жылдың қаңтарында атап өткендей, елдегі коронавирусқа иммунитет 2021 жылдың I жартыжылдығында дамуы мүмкін, сондықтан жаңа туристік маусым бұрынғыға қарағанда қолайлы болады деген үміт бар.

Көктемнің басталуымен, карантиндік шектеулерді біртіндеп алып тастау жағдайында, көптеген қазақстандықтар көктемгі-жазғы кезеңде демалысын жоспарлай бастайды. Алайда, демалыс орнын таңдағанда, азаматтар эпидемиологиялық жағдайға, шектеу шараларының сақталуына және туристер үшін шекаралардың ашықтығына назар аударуды жалғастыруда.

Көптеген сарапшылардың пікірінше, ағымдағы жыл, өткен жыл сияқты, Қазақстандағы белсенді ішкі туризм жылы болады. Ол сату көлемі бойынша да, сұраныс бойынша да, бағыттар бойынша да 2020 жылға ұқсас болады деп болжануда.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мошняга Е.В. Основные тенденции развития туризма в современном мире // Вестник РМАТ. 2013. № 3. С. 20–34.

2. Логунцова И.В. Маркетинговые аспекты управления туризмом. М.: АРГАМАК-МЕДИА, 2019.

3. Веревичев И.И. Кризисы науки и кризисы цивилизации в эпоху ускорения научно-технического прогресса // Наука среди нас. 2019. № 4(20). С. 272–278.

4. Козлова Е.В., Солод Т.В., Завьялов А.А. Международный туризм в условиях кризиса мировой экономики: тенденции и проблемы развития // Наука и образование: хозяйство и экономика; предпринимательство; право и управление. 2019. № 4(107). С. 7–12.

5. Абалаков А.Д., Панкеева Н.С. Особенности развития туризма в период глобального экономического кризиса // География и природные ресурсы. 2011. № 3. С. 111–117.

6. Burkle, Fm. Jr. Globalization and natural disasters: issues of public health, public capacity and political action / Fm. Jr. Burkle // Journal of International Relations. — 2006. — № 59 (2). —Р. 231—265.

УДК 379.83

## **СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ТУРИЗМА И ЕГО ПЕРСПЕКТИВЫ**

*Жалтаев Н.Р., Тулеуов Ш.Е.*

*Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г.Актобе*

**Аннотация.** Пандемия COVID-19, набравшая обороты в начале 2020 года оказала огромное влияние на все существующие сферы мирового хозяйства, в частности на сферу туризма. Статья рассматривает новые возможности, открывшиеся в такой непростой период для сферы туризма.

**Ключевые слова:** кризис, коронавирус, пандемия, COVID-19, туризм, цифровизация, экологический туризм, туризм в Казахстане.

Состояние мирового туризма в XX веке приравнялось к уровню феномена и могло даже сделать этот век веком туризма. 150 стран из 195 государств мира активно развивают и занимаются туризмом. Последние 10 лет туризм имеет положительную динамику роста. Туризм занимает особое место в экономической сфере государства, который обеспечивает высокий уровень дохода. В некоторых странах он является своего рода катализатором социально – экономического развития, таких как Франция, Италия, Испания.

Индустрия туризма несет в себе множество определенных особенностей, наличие которых необходимо брать во внимание при создании моделей и прогнозов роста разного рода территорий. К примеру, туризм оказывает непосредственное влияние на такие сферы экономической деятельности как строительство, транспорт, торговля, сельское хозяйство, общественное питание и многие другие. И, как правило, туризм относится к виду экономических деятельностей с высокой долей рискованности. Риск заключается в экономической, политической, социальной нестабильностях в определенном регионе.

Начало 2020 года ознаменовалась появлением нового вида коронавируса COVID-19, которая была объявлена пандемией Всемирной организацией здравоохранения. Первая вспышка была зарегистрирована в г. Ухань, Китае, под конец 2019 года, которая вследствие распространилась по всем странам и материкам. Были закрыты границы стран мира, приостановились авиаперевозки и железнодорожные сообщения в большинстве стран, также был введен режим единой самоизоляции. На месяц март 2021 года по всему миру зафиксировано около 120 млн. случаев заражения, погибло более 2 млн. людей [1]. Человечество сталкивается с пандемией не впервые, и стоит отметить, что состояние медицины в нынешнее время значительно сильнее и потенциал для борьбы с недугом на порядок выше. Самым главным отличием нынешней пандемии является появление так называемой «неинфекционной пандемии» или же «пандемии страха», которое возникает на фоне стремительного роста информационных технологий и большой скорости распространения информации по всему миру.

Все сферы мирового хозяйства, в частности туризм, оказались под сильным влиянием получившейся ситуации. По словам большинства экспертов, такой кризис не наблюдался со времен Второй мировой войны. Всемирный совет по туризму и путешествиям (WTTC) провел исследование весной 2020 года, где выявились следующие обстоятельства – из-за пандемии коронавируса ежедневно сокращались до миллиона рабочих мест в туризме мирового масштаба. Самой большой урон среди европейских стран пришелся на Германию – около 1,6 млн. рабочих мест опустели. После в списке оказались Россия, Италия, Великобритания. По прогнозам также под ударом окажутся такие страны как Япония, Бразилия, Индия, Франция, Индонезия. Согласно исследованиям, наиболее разрушительное воздействие претерпят страны Азиатско-Тихоокеанского региона, а наименьшее воздействие скажется на странах Ближнего Востока. Также отмечается, что общие потери для данной отрасли могут достигнуть 2 трлн. долларов США, согласно опыту предыдущих эпидемий, вызванных вирусами свиного гриппа H1N1, атипичной пневмонии SARS [2].

Следовательно, в современных реалиях первостепенной задачей выступает поиск выходов из кризисной ситуаций, которые во многом будет зависеть от поддержки государства, ее эффективности мер и предложений. Несмотря на все негативные последствия текущего кризиса, стоит выделить одну важную деталь – индустрия туризма, такая, какая она есть сейчас, стоит на пороге крупных изменений. И наступивший кризис из-за пандемии COVID-19, вероятно даст начало этим переменам. К примеру, актуальность приобретут технологии виртуальной и дополненной реальностей, ускорится процесс их внедрения в экономику впечатлений. И как следствие, претерпят изменения инструменты, необходимые для удовлетворения потребностей туристов. Здесь стоит отметить следующий факт – сами потребности не видоизменяются, т.е. потребность в перемещении, новых эмоциях и впечатлениях, общении и знании останутся без изменений, а изменятся лишь инструменты и методы их удовлетворения. И, в самом деле, на рубеже последних нескольких лет уровень применения электронных информационных систем и платформ достиг высоких показателей. Направление к цифровизации подразумевает поэтапную перекалфикацию всех причастных к рынку в сферу онлайн с последующим изменением финансовых потоков, также созданием предпосылок для роста показателей прибыли в данной индустрии. Важное следствие текущего кризиса – рост тенденции в рамках цифровизации сферы туризма. В связи с этим в нынешнее время

многообещающим направлением является разработка и продвижение цифровой продукции, как и для привычного направления туризма, так и для его нового ответвления. К примеру, Европейской комиссией по туризму (ЕТС) планируется цифровая кампания с целью продвижения европейских городов, имеющих спрос в индустрии туризма, в городах Германии, Польше и Бельгии. Также была запущена программа дистанционного обучения в сфере туризма одним из испанских высших учебных заведений совместно с всемирной туристической организацией.

На фоне роста популярности применения цифровых технологий есть вероятность возникновения следующей ситуации. Вполне возможно возникновения такого понятия как вирусophobia среди туристов, при котором общество попросту не будет готово к массовым путешествиям, тщательно продумывая и анализируя свои желания и всевозможные риски. Одним из ожидаемых последствий данного кризиса станет переход фокуса туристов на безопасность путешествий и санитарно-эпидемиологической ее составляющей. Вдобавок, значительно увеличится значимость безопасности путешествий и санитарно-эпидемиологической обстановки региона. Туристы будут склоняться к турам в небольших группах.

В связи с этим, из-за боязни перед огромными скоплениями людей массовый туризм, скорее всего, обретет более иную форму, станет более индивидуальным, также возможно наберет обороты экологический туризм, для которого есть хорошие возможности для развития в нашей стране.

Достаточно высокие возможности для развития возникают при нынешних реалиях для экологического туризма. Экологический туризм это визит туристов в места, относительно нетронутые антропогенными воздействиями, также формирование выгодных условий для охраны состояния окружающей среды при помощи местного сообщества. По данным Всемирной туристической организации, на долю экотуров в мировом пространстве туризма приходится примерно 10%.

Основу любого экологического туризма составляют нижеуказанные принципы:

- стабильное применение природных источников и ресурсов;
- поддержание природного, культурного и социального разнообразия;
- продумывание и планирование, совокупный подход, включение экологического туризма в планы местного развития;
- одобрение и поощрение региональной экономикой;
- вмешательство местного населения в формирование и рост туризма;
- расширение кругозора и рост уровня образования туристов в сфере экологического туризма;
- сократить чрезмерное употребление и затраты.

Ярким примером экологического туризма в Казахстане могут послужить экотуры на территории озер Кольсай, Кайынды, Иссык расположенных в Алматинской области, также Чарынский каньон, Поющий бархан, Катон-Карагай и многие другие объекты. Спрос и интерес туристов растет в данных направлениях последнее время. Это может быть объяснено ростом интереса общества сферой экологического туризма в целом.

Объекты экологического туризма это не только природные уникальности и красоты, а еще и культурные достопримечательности. В основном выделяют три основных направления в экологическом туризме: познавательный, научный и восстановительно-оздоровительный, выбор которых зависит от потребности общества. Экологическому туризму присущи минимальное количество инфраструктуры, что вполне выгодно касательно экономической точки зрения. Пример данного направления экологического туризма в нашей стране – мавзолей Ходжа Ахмета Яссауи. Учитывая, что город Туркестан, где расположен данный мавзолей, развивается и растет с каждым днем, можно предположить, что туристический поток будет расти в положительном направлении. Также в Казахстане существуют множество исторических объектов,



которые могут стать популярными туристическими объектами при должном внимании, способствуя культурному и экономическому росту страны.

Нынешняя ситуация способствует накоплению большого отложенного спроса. Очень вероятно, что конец пандемии и открытие границ только увеличит его масштабы. В первую очередь, вероятно, будет набирать былые обороты внутренний туризм. Но беря во внимание повсеместный кризис, можно сделать предположение, что покупательная способность общества снижется, и, возможно, хороший спрос будут иметь бюджетные туры внутри страны. Если рассматривать въездной туризм, то его восстановление может занять определенный промежуток времени, достаточно длительный.

По этой причине участникам рынка туристам необходимо взять фокус на внутренние путешествия, сконцентрироваться в данном направлении, продвигать возможные перспективные течения, заняться разработкой свежих предложений.

Иными словами, субъекты туристической сферы нуждаются не только в плане выживания, но и предотвращения подобных ситуаций в будущем, также своевременной адаптации к грядущим изменениям. Наряду с всеобщей поддержкой государства, сюда должны входить следующие ведущие составляющие:

1. перемещения внимания на сферу внутреннего туризма;
2. формирование новых предложений, которые направлены на бюджетный туризм, также туризм, с меньшим числом людей;
3. развитие экологического туризма как отдельного вида туризма, выработка новых маршрутов, расширение целевой аудитории, генерация новых идей;
4. особое внимание на состояние безопасности путешествий, учет санитарно-эпидемиологической обстановки региона, страховой продукции;
5. перевод в цифровую сферу оказываемых услуг: QR-коды, приложения с различными функциями [3].

Сегодняшний кризис, охвативший мировое пространство, стал последствием пандемии коронавируса. Это беспрецедентный случай касательно прогнозируемых последствий и потерь. Прогнозы относительно последствий и восстановления мирового рынка самые различные. Некоторые эксперты прогнозируют скорое восстановление на конец 2021 года, имеют место быть и более поздние сроки, по мнению иных экспертов. Другая половина экспертов прогнозирует более долгий период выхода из кризиса, который займет несколько лет.

Естественно, после завершения пандемии сильные изменения претерпят мировосприятие и психология потребления в целом, что поспособствует росту конкуренции в сфере туризма, что, свою очередь, приведет к совершенно новому этапу в данной сфере. Кризис, в конце концов, завершится, и отрасль туризма начнет восстанавливаться. Для успешного выхода из кризисной ситуации и восстановления субъектам индустрии туризма необходимо быть едиными, разработать результативные меры восстановления и противостояния масштабным угрозам в будущем.

### **Список использованной литературы**

1. Всемирная организация здравоохранения [Электронный ресурс] Хронология действия ВОЗ по борьбе COVID - 19. URL.: <https://www.who.int/ru> (дата обращения 02.02.21)
2. Википедия [Электронный ресурс]. URL.: <https://ru.wikipedia.org/wiki> (дата обращения 02.02.21)
3. Логунцова, И.В. Индустрия туризма в условиях пандемии коронавируса: вызовы и перспективы.

## РЕЛИГИОЗНЫЙ ТУРИЗМ В РЕСПУБЛИКЕ БАШКОРТОСТАН

*Исламова Г.И.*

*Башкирский государственный университет, г. Уфа*

**Аннотация.** В статье рассмотрено понятие религиозного туризма, обозначены проблемы организации религиозного и паломнического туризма. Паломнические туры как направление туризма - явление относительно новое, несмотря на то, что паломнические путешествия люди начали совершать еще в глубокой древности. Башкортостан - многонациональная республика. Самыми многочисленными верующими в республике являются православные христиане и мусульмане. Рассмотрены объекты паломничества в Башкортостан.

**Ключевые слова:** религиозный туризм, паломничество, Башкортостан, святые места, туризм

Туризм во всем мире рассматривается как приоритетная отрасль экономики. Для многих регионов и стран мира (Андорра, Канарские острова и др.) туризм является единственным источником дохода. В России выделяется несколько регионов, особых туристских зон, развитие туризма в которых является одной из первоочередных задач, стоящих перед государством.

Хорошими потенциальными данными для развития туризма обладает и Республика Башкортостан.

Преимущество и уникальность Башкортостана — это климат, наличие большого числа целебных источников, рек, пещер и сохранившиеся до сегодняшних дней традиции бортничества и производства качественного кумыса и конечно же наличие святых и почитаемых мест. Многие природные объекты Башкортостана имеют мировую известность.

В Башкортостане — хорошие возможности для следующих видов туризма: культурно-познавательный, лечебно-оздоровительный туризм (в том числе кумысолечение), горный / зимний туризм (в том числе конно-санные маршруты на снегоходах), приключенческий туризм, спортивный туризм, активный туризм (особенно — конные туры, спелеомаршруты, сплавы), религиозный туризм, этнографический туризм, экологический и многие другие.

В этой статье мы более подробно рассмотрим религиозный туризм в республике Башкортостан.

Религиозный туризм, который также известен как паломничество, представляет собой вид туризма, при котором верующие путешествуют индивидуально или в группах по причинам, связанным с религией или духовностью, в поисках смысла.

Самая крупная в мире форма массового религиозного туризма проходит в Индии во время паломничества Кумбха Мела, которое привлекает более 100 миллионов паломников.

Современные религиозные туристы имеют больше возможностей посещать святые города и святые места по всему миру. Самыми известными святыми местами являются Великая мечеть Мекки, Святыня Имама Хосейна в Кербеле, Святыня Имама Резы в Мешхеде, Святыня Леди Фатима Масума в Куме, Святилище Богоматери Фатимы в Ковада Ирия, базилика Богоматери Гваделупской в Мехико, церковь Рождества Христова в Вифлееме, Стена Плача в Иерусалиме и базилика Святого Петра в Риме.

Паломники отдают дань уважения священным местам и своим богам, путешествуя по миру (или даже если только по стране). Эти священные или святые места могут включать в себя место рождения или смерти основателей (или святых), или место их «призвания» или духовного пробуждения, или их связи (визуальной или словесной) с

божественными местами, где происходили чудеса, или местами, где, как говорят, жило божество, или любое место, которое обладает особыми духовными силами. Религиозные туристы придают этим местам духовное значение, в память о которых ставят святыни или храмы, которые рекомендуется посещать для получения духовной выгоды. Вот эти преимущества:

- подтвердить, углубить или поразмышлять над своей верой;
- исцелиться;
- получить ответы на свои вопросы

Благодаря этим целям религиозные путешественники известны как преданные путешественники. Они склонны копить на религиозные переживания. В результате сегмент религиозного туризма, как известно, менее чувствителен к экономическим взлетам и падениям, чем туристический рынок в целом.

Башкортостан располагает хорошими возможностями для развития религиозного туризма. Особенностью Республики Башкортостан является многонациональность населения, что определяет её поликонфессиональность. Согласно данным Турстата, в Башкирии за последние годы в семь раз выросло число паломнических туров. Это происходит не случайно. Прежде всего, Уфа является местом пребывания мусульманского духовного лидера России и сопредельных стран, муфтия Центрального Духовного управления мусульман России и европейских стран СНГ.

На территории республики находятся много объектов для паломничества. К самым известным относится и священное место, расположенное на вершине горы Ауштау, почитаемое многими верующими жителями республики. Это место часто посещается паломниками, а также различными экскурсионными группами. Всего на вершине горы Ауштау находится несколько захоронений, с установленными на них надгробными плитами. В некоторых краеведческих источниках о землях Башкирии упоминается, что на вершине горы находятся три захоронения. Самое почитаемое из них - могила святого мусульманского проповедника Мухаммада Ризван Ауш Аулия, или просто - Аулия. На захоронении установлено надгробие с арабскими надписями и датой - 651 год хиджры (1253 год по более привычному летоисчислению).

Достопримечательность находится рядом со старым башкирским селом - Старобайрамгулово. В этом населенном пункте нет никаких других туристических достопримечательностей, кроме горы Ауштау и захоронений на ее вершине. Ежегодно множество паломников посещают этот поселок и восходят к могилам на вершину горы. Это место является священным для мусульман. Восхождение на вершину Ауштау, а это 230 метров, складывается из двух этапов. На первом этапе по горной тропе туристы и паломники поднимаются до священного источника - Аулия, родника, выходящего из-под камней. Второй этап - это подъем на самую вершину и посещение захоронений. На вершине возле могилы растет береза, на которую паломники и туристы вяжут ленточки. По преданию, загаданное здесь желание обязательно сбывается. Помимо самой вершины, ленточки на кустарниках можно встретить и на всем протяжении маршрута к могилам. Несмотря на предупреждающие таблички, туристы продолжают повязывать ленты, отдавая дань, скорее языческим традициям, нежели каким-то мусульманским.

Среди всех могил, расположенных на вершине, самая почитаемая из них - это могила святого Аулия (Мухаммада Ризван Ауш Аулия). Существует несколько легенд, в каждой из которых есть те или иные подробности, но все легенды имеют один и тот же смысл. Аулий был мусульманским проповедником, странствующим по землям Башкирии и просвещающим людей. В то время среди башкир было много язычников, которые не принимали никакие другие религии. Придя на местные земли с целью проповедовать ислам, Аулий был убит как раз такими язычниками. Как его убили - доподлинно не известно: то ли закидали камнями, то ли отрубили голову. На следующее утро после его смерти произошло чудо - местные жители увидели проповедника поднимающимся на гору, держащим свою отрубленную голову в руках. Тогда и стали считать Аулия святым,

и похоронили его со всеми почестями прямо на вершине горы, куда он поднимался. С тех пор, место считается священным.

В остальных легендах разнятся версии смерти Аулия, а также появляются некоторые подробности, но так или иначе все легенды про него сводятся к смерти проповедника и его захоронении на вершине горы Ауштау.

Примерно на полпути к вершине расположен святой источник, названный в честь мусульманского проповедника. Вода из него бьёт ключом только в конце мая - начале июня. Дело в том, что источником этого родника является талая вода, которая спускается с гор во время таяния снега весной. В остальное же время года родник пересыхает. В 2010 году были взяты пробы воды из родника, и по заключению экспертов вода из святого источника соответствует всем санитарным нормам. Паломники запасаются водой впрок, поэтому здесь нередко выстраиваются длинные очереди.

При посещении данной достопримечательности, независимо от целей посещения, вероисповедания и отношения к религии в целом, всем рекомендуется придерживаться ряду некоторых правил. Во-первых, все-таки повязывать ленты на кустарники, растущие на маршруте подъема не стоит - это не только вредит природе, но и нарушает эстетику. Женщинам рекомендуется восходить на вершину в закрытой, не вызывающей одежде. На вершине горы не стоит курить, ругаться и употреблять спиртные напитки.

Даже если вы не являетесь верующим человеком, вам все равно будет интересно подняться на Ауштау. Отсюда открывается потрясающий вид на озеро Аушкуль и окрестности. Кроме того, здесь можно найти яшму - разновидность кварца, выделяющуюся причудливыми узорами и рисунками. Яшмы на самом деле здесь много - даже в Эрмитаже имеется несколько экспонатов, созданных из Аушкульской яшмы. После посещения горы, многие туристы увозят с собой на память несколько красивых камней яшмы. Летом здесь также можно встретить парапланеристов.

Стоит отметить, что, несмотря на растущую популярность паломничества, большинство поездок по святым местам Республики Башкортостан носят частный характер. Изучение туристского рынка республики показало, что, к сожалению, в настоящее время в Башкирии нет туристических фирм, которые бы серьезно занимались разработкой, продвижением и реализацией паломнических туров, особенно по внутренним направлениям. Однако стоит заметить, что некоторая деятельность по организации поездок к святым местам все же ведется.

Исследователи проблем религиозного туризма и паломничества высказывают мнение, что религиозный туризм может стать одним из самых перспективных видов туристских путешествий XXI века. Ежегодное количество туристов и паломников составляет 300-330 млн. человек. Некоторые отечественные эксперты прогнозируют, что в Российской Федерации религиозный туризм может составлять около 70% всего внутреннего туризма. В настоящее время спрос на культурно-познавательные путешествия с религиозными целями постоянно растет, поэтому необходимо создавать качественный турпродукт.

Многие считают религиозный туризм не интересным по сравнению с познавательным или лечебно-оздоровительным туризмом. Это происходит из-за того, что большинство людей, особенно молодежь, воспитанная на массовой культуре, не имеют о нем никакого представления.

Привлекать внимание молодежи к интересному и познавательному религиозному туризму нужно с помощью активной, современной рекламы в интернете и социальных сетях.

Паломнический туризм в нашей стране имеет самую неразвитую инфраструктуру. Необходимо обеспечить туристов транспортом, местом проживания, питанием.

Для посещения туристами необходимо также возродить и обустроить культовые сооружения (монастыри, святилища, храмовые комплексы, часовни, могилы), сделать

доступными придорожные объекты культа. Обустроить подходы к святым источникам, и водоемам, придорожным крестам и другим культовым объектам.

Религиозный туризм нуждается в имеющих специальное религиозное образование кадрах для проведения экскурсий в храмах, потому что после экскурсии возникают специфические вопросы, на которые обычный светский экскурсовод часто не в состоянии ответить.

